2 ӨЖ–2, бірнеше критерийлер болғанда шешімді қабылдау есебін қою қажеттілігі туындаған жағдайлар. Мұнда әртүрлі критерийлердің физикалық табиғатының, олардың қарама-қайшылығының салдары және басқа да себептері есепті бір критерийлікке бірден әкелмейді.

3 ӨЖ–3, ең ортақ жағдай бұл өндірістік жүйенің жұмыстарының сапасы әрқайсысы айқын емес болуы мүмкін, бірнеше критерийлермен және шектелімдермен бағаланғанда. Бұл жағдайда өндірістік жағдайды басқару алдағы өткен жағдайлар үшін жасақталатын тәсілдердің аралас қолданылуына әкеледі.

### **1.3 Эксперттік бағалау тәсілдерін қолдану. Айқын емес ортада эксперттік бағалауды ұйымдастыру және жүргізу**

*Эксперттік бағалаулар тәсілдері* бұл нысанды сипаттау үшін, рационалдық шешімдерді дайындау және таңдау үшін [48] қажетті ақпаратты сарапшы-мамандардан алуға бағытталған математика-статистикалық және логикалық тәсілдер және процедуралар кешені болып табылады. Бұл тәсілдердің түйіні болып пайымдамалардың және ресми ақпараттың сандық және сапалы бағалауымен мәселерге сарапшылардың ішкі түйсік-логикалық талдауларын жүргізу табылады, ішкі түйсіктер, білімдер, логикалық ойлаулар және сандық бағалаулар - өндірістік нысандарды басқару кезінде есепті талдауда және шешім қабылдауда тиімді шешім алуға мүмкіндік береді.

Эксперттік бағалау тәсілдерін қолдану саласы өте кең. Осы тәсілдермен шешілетін, өндірістің негізгі есептері ретінде бөлінетіндер [49]:

- ақпараттың тапшылығы кезінде күрделі нысандар мен процестердің математикалық модельдерін жасау;

- сандық және сапалы ақпарат негізінде шешім қабылдау есептерін шешу.

Эксперттік бағалалаулар тәсілдерінің тәжірибелік қолданудың кейбір сұрақтарын қарастырайық.

Күрделі жүйелерді және өндірістік процестерді зерттеу және басқару кезінде туындайтын көптеген мәселелерді және шешім қабылдау есептерін тиімді шешу тек математикалық модельдердің және компьютерлік жүйелердің негізінде ғана мүмкін. Мұндай нысандардың модельдерін жасау кезіндегі негізгі мәселе ақпараттың тапшылығы. Мұндай жағдайларда, жоғарыда айтылғандай жеткіліксіз ақпаратты өтейтін қосымша деректер эксперттік сауалнама негізінде алынады. Мамандар зерттелетін нысанды сандық немесе сапалы суреттеулері мүмкін. Кейін арнайы ресми тәсілдердің көмегімен алынған ақпаратты өңдеу жүзеге асырылады.

Біз Атырау мұнай өңдеу зауытында қолданылатын бензол өндірісінің технологиялық кешенінің математикалық модельдерін жасау үшін эксперттік тәсілдерді қолдандық [14, с. 37-55; 40, с. 262-266; 50]. Осы агрегаттар үшін технологтарға, операторларға (сарапшыларға) сауалнама жүргізу арқылы олардың жұмысы туралы сөздік сипаттау алынды, бұл эксперттік бағалаулар және айқын емес жиындар теориясының тәсілдерімен өңделгеннен кейін бензол



өндірісі кешендерінің сәйкес агрегаттарының айқын емес модельдерін синтездеу үшін қолданылды.

Басқару процесінде күрделі мәселелерді шешуге арналған ғылыми құрал ретінде қоданылатын *басқару* есептерінде ерекше рөлді эксперттік бағалаулар атқарады. Эксперттік бағалаулар сондай-ақ модельдеу және шешім қабылдау есептерінде адамның көрінісі мен пайымдамасын білдіретін компьютерлік білімдер базасын жасау үшін жетістікпен қолданылады [51, 52].

Соңғы уақытта эксперттік жүйелерді [52, с. 301-315] және шешім қабылдаудың интеллектуалдық жүйесін [53, 54] жасау үшін эксперттік білімдердің қолданылуымен байланысты, перспективалық бағыт дамуда.

Сарапшылардың жиналған пікірлерін өңдеу сандық (сандық деректер) ретінде, сондай-ақ сапалы (мағыналы ақпарат) ретінде жүргізіледі. Сондай-ақ әртүрлі тәсілдер қолданылады. Жеткілікті ақпараттық материалы бар сұрақтарды шешу үшін сандық деректер болған жағдайда негізінде эксперттік пайымдамаларды орташалау қолданылатынын атап өткен жөн. Дегенмен, сандық деректер болған жағдайда, бірақ шешілетін сұрақ бойынша (басқару жүйесін жобалау кезінде жиі кездеседі) ақпарат жеткіліксіз болғанда эксперттік деректерді сандық өңдеу тәсілдерімен бірге, сондай-ақ сапалы талдау және синтез тәсілдері қолданылады.

Кейбір жағдайларда өндірісте сарапшылар нысанның жағдайын тек сапасы бойынша ғана бағалай алады, яғни жүйенің жұмыс істеуі сөзбен сипатталады. Құрамында сандық ақпараты жоқ эксперттік бағалауларды сапалы (айқын емес ортада) деп атайық. Біз зерттейтін нысандарда - өндірістік жүйелерде жиі ұйымдастыру жүргіземіз, атап айтқанда айқын емес бағалауларды алу, оларды алу және өңдеу ерекшеліктерін қарастырайық.

Ақпаратты алу және бағалау тәсіліне байланысты сапалы эксперттік бағалауларды екі топқа бөлуге болады:

- алдын-ала жасалған шкалалар бойынша жүргізілетін, бағалаулар (сапалық белгілерін бағалау);

- шкалаларын алдын-ала жасау мүмкін емес бағалаулар.

Бірінші топтың бағалаулары барлық мәндері кейбір стандарттармен, терминдермен және өрнектермен анықталуы және саналуы мүмкін сапалы вариациясы бар белгілер мәндерін анықтау кезінде қолданылады. Мысалы, «процестің зерттелетін параметрінің алынатын өнімнің саны мен сапасына әсері» белгісінің градациясы болуы мүмкін:

1 Өнімнің саны едәуір ұлғаяды, ал өнімнің көрсеткіштер сапасы нашарлайды.

2 Өнімнің саны ұлғаяды, сапасы нашарлайды және т.б.

3 Өнімнің саны өзгермейді, сапасы жақсарады және т.б.

Айқын емес факторларды бағалау кезінде айқын емес теориялармен негізделетін эксперттік бағалауды жүргізу тәсілдерін жүргіземіз.

Айқын емес ортада эксперттік бағалау кезінде сарапшылар тобы келесі негізгі операцияларды орындаулары қажет:

- қойылған есептер жағдайларында маңызды болуы мүмкін факторлардың, белгілердің және басқа да айқын емес көрсеткіштердің мүмкінше толық тізімін жасау;

- айқын емес белгілердің мүмкін мәндерінің шкалаларын жасау;
- айқын емес көрсеткіштердің мазмұнды топтасуын жүргізу;
- айқын емес бағалаулардың өзара байланысын табу және сипаттау;
- кешенді бағалауды немесе шешім қабылдау сұлбасын жасау үшін маңызды айқын емес белгілер қатынасын анықтау.

Нақты есептерде айқын емес параметрлерді ұсынудың келесі тәсілдері қолданылуы мүмкін:

- тиістілік функциясының мәні  $\mu_c(x) \in [0, 1]$ ;
- белгіленген элементтердің жиынтығы болып табылатын шкаладағы мәні  $x_i$ ;
- график түрінде;
- аналитикалық функция түрінде.

Айқын емес санаттарды ұсынудың таңдалған тәсіліне сәйкес сарапшыларға сауалнама жүргізудің қолданылатын тәсілдеріне жататындар:

- интервалдағы дербес өлшеу  $[0, 1]$ ;
- тиістілік функциясының графигін жеке қалыптастыру;
- белгіленген нүктелерді дербес қалыптастыру (қырлары - ортасы - аралығы);
- аналитикалық функцияны дербес қалыптастыру.

Сарапшы нысанның әртүрлі параметрлерін, альтернативаларын және т.б. салыстыруы, оларға «маңызды», «қолайлы», «... салыстырғанда аса маңызды емес», «... қатты әсер етеді», «аздап әсер етеді» сөздік бағалауларын беруі, қызықтыруына байланысты бірнеше нысанды реттеуі мүмкін, бірақ әдетте ол бір параметрдің немесе альтернативаның мәні бойынша басқасынан қанша рет асып түсетінін айта алмайды. Басқа сөзбен айтқанда, сарапшының жауаптары әдетте реттік шкалада өлшенеді, сандық емес табиғаттың басқа нысандарымен жұптық салыстырудың нәтижелері, саралауы болып табылады.

Осы мәселенің шешімдерінің бірі болып сапалы эксперттік бағалауларды қолдану табылады, яғни құрамында сандары жоқ, сандық емес ортадағы эксперттік бағалаулар. Бензолдың технологиялық процесінің күрделілігі, өлшеудің және бақылаудың өнеркәсіптік құралдарының жетіспеушілігі немесе болмауы басқару процесінде адам-оператордың болуы салдарынан олардың жұмыс істеуі туралы жиналған ақпараттың сипаты, әдеттегідей айқын емес. Бұл жағдайда айқын емес параметрлерді бағалау үшін айқын емес ортада эксперттік бағалауды жүргізу қажет.

Айқын емес факторлардың болуы кезінде деректерді бағалау процедураларын және шешімдерді таңдауды жасау сарапшылардың пікірлерін және айқын емес жиындар теориясын қолануда негізделеді.

*Айқын емес ортада эксперттік бағалауды жүргізу тәсілдемесі.*

Айқын емес ортада эксперттік бағалаудың ұсынылған тәсілдерінің негізгі кезеңдерін қарастырайық:

1 Бағалау нысанын, есептер және операциялар класын категориялау.

2 Бағалау нысанына және операциялар класына сәйкес терм-жиындарды, айқын емес, лингвистикалық айналымдарды таңдау.

3 Нысанды және есептерді сипаттайтын шкалалар типін таңдау.

4 Бағалау тәсілін және бағалау жүргізуді анықтау.

5 Зерттелетін нысанды талдау негізінде «айқын емес» эксперименттерінің толық жоспары құрылады. Жоспарды құру эксперименттерді математикалық жоспарлау кезіндегі жоспарға ұқсас, мұнда сандық деректердің орнына айқын емес сандар түріндегі шамалас мәндердің немесе лингвистикалық айналымның (терм) мәні қолданылады.

6 Сарапшылар практикалық тәжірибе және білім негізінде, жоспардың іс жүзінде жүзеге аспайтын немесе апаттық жағдайларға әкелетін нұсқаларын (сондай-ақ олар жоспардан әрбір нұсқаны алып тастау себептерін негіздеулері тиіс) алып тастайды.

7 Басқа да барлық нұсқалары бойынша сарапшылар кіріс факторларының берілген қатынасының нысанның шығыс параметрлеріне әсерін бағалайды (тәжірибе нұсқалары). Бағалау 2-тармақта таңдап алынған терм-жиындар негізінде жүзеге асырылады.

8 Кейбір нұсқаларды бағалау кезінде сарапшылар сенімсіз болған жағдайларда жоспарға сәйкес мүмкіндігінше осы нұсқаларды жүзеге асыру және нәтижелерін бағалау қажет.

9 Белгілерінің және олардың жиынтығының (нысанның ішкі түйсік бейнесіне сәйкестігі) субъективтік үйлесімділігін тексеру керек. Өйткені жоспарларды бағалау кезінде сарапшылар тобы қатысуға тиіс, келесі кезең болып белгілі тәсілдеме бойынша олардың пікірлерінің келістілігін анықтау табылады. Егер де сарапшылар пікірі негізінде сәйкес келсе, яғни конкордация коэффициенттерінің мәндері 1 және  $W_R \geq W_T$  жақын болса, онда жоспарларды жүзеге асыру және алынған нәтижелерді өңдеуге ауысу, мұндағы  $W_R$ ,  $W_T$  – таңдап алынған деңгей үшін конкордация коэффициенттерінің сәйкесінше есептік және кестелік мәндері.

10 Егер де  $W_R < W_T$ , яғни сарапшылар пікірлері негізінде сәйкес келмейді, оларға басқа сарапшылардың жауаптарымен танысуға, өздерінің алдыңғы бағалауларын талдауға және түзетуге мүмкіндік беріледі, яғни эксперттік процедура қайталанады.

11 Соңғы нәтижелерді алу үшін алынған ақпарат айқын емес жиындар мен мүмкіндіктер теориясының тәсілдерімен өңделеді.

Осылайша, әртүрлі өндірістік жүйелердің және процестердің математикалық модельдерін жасақтау кезінде анықсыздықпен және бастапқы ақпараттың тапшылығымен байланысты мәселелер жиі туындайды.

Эксперттік бағалаулар тәсілдерінің, ішінара Дельфи тәсілінің негізінде анықсыздық жағдайларында бензолды өндірудің технологиялық процесін математикалық сипаттау үшін эксперттік бағалаулар тәсілдерін қолдану нәтижелерін қарастырайық. Біз қолданған тәсіл, сауалнаманың қайталама процедурасы болып табылады. Сондай-ақ сарапшылар арасында жеке байланыстың болмауы талаптары және оларды дәлелдеме мен сын бағалауларының анонимдігін сақтау арқылы сауалнаманың әрбір айналымын

бағалаудың барлық нәтижелері бойынша толық ақпаратпен қамтамасыз ету орындалады [55].

Тәсіл процедурасына сауалнаманың бірнеше реттік кезеңдері кіреді. Бірінші кезеңде сарапшыларға жеке сауалнама қойылады, әдетте сауалнама түрінде. Сарапшылар оларды дәлелдемей-ақ жауап береді. Жүргізілген зерттеу мен талдау негізінде, бензолдың саны мен сапасына бензолды алу процесінің режимдік параметрлерінің мәнін бағалау және процестің математикалық сипатын құру үшін қажетті ақпаратты жинау мақсатымен сарапшыларға арналған сауалнаманың құрылымы жасақталды. Сауалнама түрі төменде көрсетілген (кесте 1.1).

Кесте 1.1 – Сауалнама түрі

Бензолдың саны мен сапасына бензол өндірісінің технологиялық процесінің режимдік параметрлерінің маңыздылығын бағалауға арналған сауалнама			
Құрметті сарапшы маман, таңдалған параметрлердің әрқайсысының тиісті дәрежеде өндірілген бензолдың саны және сапасына әсерін бағалаңыз			
Кіріс және режимдік параметрлер		Көлем бағанасы	Сапа бағанасы
$x_1$	Кіріс шикізат мөлшері	-	-
$x_2$	Сапалық көрсеткіш -күкірт мөлшері	-	-
$x_3$	Сапалық көрсеткіш-ароматты көмірсутегі мөлшері	-	-
$x_4$	R 401 реактор температурасының көрсеткіші	-	-
$x_5$	R 401 реактор қысымының көрсеткіші	-	-
$x_6$	C 401-дегі температура көрсеткіші	-	-
$x_7$	C 401 -дегі қысым көрсеткіші	-	-
$x_8$	Катализатордағы құрам көрсеткіші	-	-
$x_9$	Мұнай өнімінің қалдық көлемі	-	-
$x_{10}$	П 401-дегі температура көрсеткіші	-	-

Толтырылған сауалнамадағы деректер арнайы кестеге енгізіледі. Жоғарыда келтірілген сауалнама бензолдың өндіріс жоспарымен айналысатын Атырау МӨЗ мамандарына және бензолды өндіру және математикалық модельдеу мәселелерімен айналысатын ғалымдарға, зерттеушілерге толтыруға ұсынылды. Олар шығарылатын бензолдың көлеміне және оның сапасына келтірілген параметрлерінің әсерлеріне бағалау жүргізеді. Алынған деректерді бағалау және өңдеу нәтижелері 1.2 және 1.3 кестелерінде келтірілген.

Кесте 1.2 - Бензолды өндіру және оны өңдеу кезінде өнімнің көлемін эксперттік бағалау нәтижелері

Эксперт шифрі $R_i$	Рангтік бағалар $R_{ij}$										$\Sigma R_{ij}$	$T_i$
	$x_1$	$x_2$	$x_3$	$x_4$	$x_5$	$x_6$	$x_7$	$x_8$	$x_9$	$x_{10}$		
	<i>A</i>	<i>B</i>	<i>C</i>	<i>D</i>	<i>E</i>	<i>F</i>	<i>G</i>	<i>H</i>	<i>I</i>	<i>J</i>		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1	1	10	8	2	3	2	4	3	5	7	45	1
2	1	9	8	2	3	3	4	4	5	7	46	1

## 1.2-ші кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
3	1	10	7	2	3	2	3	4	6	7	45	1,5
4	1	10	7	2	2	2	3	4	5	7	43	2,5
5	1	10	8	2	3	2	4	4	5	6	45	1
6	1	9	8	2	3	3	4	4	5	7	46	1
$S_{ji}$	6	58	46	12	17	14	22	23	31	41		$\bar{S}=27$
$\gamma_j$	0,200	0,0070	0,077	0,0510	0,159	0,170	0,140	0,137	0,107	0,07	-	-
$S_{j0}$	0,200				0,159	0,170	0,140	0,137	0,107		-	-
$\gamma_{j0}$	0,178				0,142	0,152	0,125	0,122	0,095		-	-
$\Delta_j = S_{ji} - \bar{S}$	-21	31	19	-15	-10	-13	-5	-4	4	14	-	-
$\Delta_j^2 = (S_{ji} - \bar{S})^2$	441	961	361	225	100	169	25	16	16	196	-	$\sum (S_{ji} - \bar{S})^2 = 2510$

Көгілдір түспен бөлінген, ұяшықтарға (1-6 жолдары, *A-J* бағаналары) сауалнамалардың деректері енгізілген. *A-J* бағаналарының саны көрсеткіштер санына сәйкес (сап түзеуге ұсынылған сипаттамалар санына). 1-6 жолдарының саны сап түзеуге қатысқан сарапшылардың санына сәйкес.

Кестенің көрсеткіштерін есептеу келесі формулалар арқылы жүзеге асырылады:

*K бағанасы.* Барлық көрсеткіштердің дәрежелік бағалаулардың сомасы:

$$\sum R_{ij} = 1+2+\dots+n = n(n+1)/2 = 10(10+1)/2 = 55$$

мұнда  $n$  – көрсеткіштер саны. Біздің жағдайда  $n=10$ .

*L бағанасы.* Есепті жеңілдету үшін және  $T_i$  есептемеу үшін сауалнаманың ескертуінде «Әртүрлі сипаттамаларға бірдей дәрежені иеленуге жол берілмейді» жазу ұсынылады. Бұл жағдайда  $T_i = 0$ .

Бірақ, бірдей сипаттамаларға бірдей дәреже берілетін болса, онда есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$T_i = \frac{1}{12} \cdot \sum_{j=1}^n (t_{ij}^3 - t_{ij})$$

мұнда  $n$  -  $i$ -ші сарапшының бірдей бағалауларымен дәрежелер саны;

$t_{ij}$  -  $i$ -ші сарапшының бірдей дәрежелерімен бағалаулар саны.

7 жол  $A-J$  бағаналары.  $S_{ij}$  – әрбір белгісі бойынша дәрежелі бағалаулар сомасы.

7 жол  $L$ .  $\bar{S}$  бағаналары – барлық көрсеткіштер үшін дәрежелердің орташа сомасы

$$\bar{S} = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^m S_{ij}$$

мұнда  $n$  – көрсеткіштер саны;

$m$  – сарапшылар саны.

8 жол  $A-J$  бағаналары.  $\gamma_j$  – әрбір параметрдің салмақтық коэффициенті:

$$\gamma_i = (m \cdot n - S_{ij}) / (0,5 \cdot m \cdot n \cdot (n - 1))$$

9 жол. Айтарлықтай маңызды көрсеткіштердің  $S_{j0}$  дәрежелі бағалаулар сомасы. Айтарлықтай маңызды көрсеткіштер болып салмақтық коэффициенті 0,1 артық көрсеткіштер саналады. Олар үшін 7 жолдан деректерді 9 жолға ауыстырамыз.

10 жол.  $\gamma_{j0}$  - әрбір маңызды сипаттаманың қатысты коэффициенті:

$$\gamma_{j0} = \gamma_j / \sum \gamma_j$$

мұнда  $\gamma_j$  – айтарлықтай маңызды сипаттамалардың үлесті коэффициенттері.

11 жол. Әрбір белгісі бойынша дәрежелі бағалаулар сомасының орташа шамадан ауытқуы  $\Delta_j = S_{ji} - \bar{S}$ .

12 жол.  $L$  бағанасы. Бақылау сомасы  $\sum (S_{ij} - S)^2$ .

Конкордация коэффициенті:

$$W = \frac{\sum (S_{ij} - S)^2}{(1/12)m^2(n^3 - n) - (m \sum T_{ij})} = 2510 / (0,08 \cdot 36 \cdot (103 - 10) - (6 \cdot 8)) = \\ = 2510 / (0,08 \cdot 36 \cdot 990 - 48) = 2510 / 2803,2 = 0,9.$$

Конкордация коэффициентінің мәні  $W=0,9$ , яғни сарапшылар бағалаулары өзара жақсы келісілген.

Келесі кестеде 1.3 бензолдың сапасына процестің параметрлері әсерлерін эксперттік бағалау нәтижелері және алынған деректерді өңдеу нәтижелері келтірілген.

Кесте 1.3 – Бензолдың сапасын эксперттік бағалаудың нәтижелері және оны өңдеу нәтижелері

Эксперт шифрі $R_i$	Рангтік бағалар $R_{ij}$										$\Sigma R_{ij}$	$T_i$
	$x_1$	$x_2$	$x_3$	$x_4$	$x_5$	$x_6$	$x_7$	$x_8$	$x_9$	$x_{10}$		
	<i>A</i>	<i>B</i>	<i>C</i>	<i>D</i>	<i>E</i>	<i>F</i>	<i>G</i>	<i>H</i>	<i>I</i>	<i>J</i>		
1	10	2	1	3	5	4	7	3	9	6	50	0,5
2	10	3	1	2	6	5	8	4	9	7	55	0
3	10	2	1	3	5	4	7	3	9	6	50	0,5
4	10	3	1	2	5	4	7	3	9	6	50	0,5
5	10	3	1	2	6	5	8	4	9	7	55	0
6	10	3	2	2	5	4	7	3	9	6	50	0,5
$S_{ji}$	60	16	7	14	32	26	44	20	54	38		$\bar{S}=31,1$
$\gamma_j$	0,000	0,162	0,196	0,170	0,103	0,125	0,059	0,148	0,022	0,081	-	-
$S_{j0}$		0,162	0,196	0,170	0,103	0,125		0,148			-	-
$\gamma_{j0}$		0,179	0,216	0,188	0,113	0,138		0,163			-	-
$\Delta_j=S_{ji}-\bar{S}$	28,9	-15,1	-24,1	-17,1	0,9	-5,1	12,9	-11,1	22,9	6,9	-	-
$\Delta_j^2 = (S_{ji} - \bar{S})^2$	835,21	228,01	580,81	292,41	0,81	26,01	166,41	122,1	524,41	47,61	-	$\sum(S_{ji} - \bar{S})^2 = 2823,79$

Бұл жағдайда конкордация коэффициенті:

$$W = \frac{\sum (S_{ij} - \bar{S})^2}{(1/12)m^2(n^3 - n) - (m \sum T_{ij})} = 2823,79 / (0,08 \cdot 36 \cdot (103 - 10) - (6 \cdot 2)) =$$

$$= 2823,79 / (0,08 \cdot 36 \cdot 990 - 12) = 2823,79 / 2839,2 = 0,99$$

$W=0,99$ , яғни сарапшылар бағалаулары өзара жақсы келісілген.

Эксперттік бағалауды өңдегеннен кейін алынған ақпарат бензол өндірісі процесінің негізгі параметрлерін анықтау үшін, процестің кіріс және режимдік параметрлерінің шығыс параметрлеріне әсерлерін бағалау үшін қолданылды, яғни бензолдың өндіру кешенінің математикалық модельдерін жасау және олардың жұмыс режимдерін басқару үшін қолданылды.

Өндірілетін бензолдың сандық және сапалық көрсеткіштерінің эксперттік бағалаудың алынған негізгі нәтижелері және оны өңдеу нәтижелері, конкордация коэффициенттерінің мәні 0,9 артық екенін көрсетеді, яғни сарапшылар бағалаулары өзара келісілген. Бұл нәтижелер жүргізілген зерттеулердің, эксперттік бағалауды жүргізудің дұрыстығын көрсетеді.

Эксперттік бағалауды айқын емес жиындар теориясы аппаратының негізінде айқын емес ортада жүргізудің жоғарыда ұсынылған ұйымдастыру және жүргізу тәсілінің айқын емес ортада эксперттік бағалауды жүргізу мәселелерін шешуде ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы бар.

Ұсынылған тәсілдің негізінде келесі негізгі факторлардың жиынтығы жатыр: есептің, айқын емес категориялар, шкалаларды қалыптастыру тәсілінің, сарапшыларды сұрастыру тәсілдерінің және алынған сапалы ақпаратты өңдеу ерекшеліктері.

1.4 кестеде Шығыс өнімдерінің санына және сапасына қарай бензол өндіру қондырғысы кіріс параметрлері әсерлерін айқын емес эксперттік бағалау үшін сауалнаманың фрагменті және бағалау нәтижелері ұсынылды.

Кесте 1.4 – Шығыс параметрлеріне бензолдың өндірісі бойынша қондырғының режимдік, кіріс параметрлерінің әсерлерін бағалаудың фрагменті

Кіріс, режимдік параметрлер										Шығыс параметрлері							
$x_1$ – бензол алу процесінің шикізат	$x_2$ – шикізат сапасы – құрамындағы күкірт	$x_3$ –ароматты көмірсутектер құрамы	$x_4$ –расақтордағы температура	$x_5$ –реактордағы қысым	$x_6$ – температура в бензольной колонне	$x_7$ – бензолдық колоннадағы қысым	$x_8$ – катализатор құрамы	$x_9$ – рециркуляция көлемі	$x_{10}$ – пеш шығысындағы температура	$y_1$ – Бензол шығысы (көлемі)	$y_2$ – ауыр ароматика шығысы	$y_3$ – рафинад көлемі	$y_4$ – ҚМГ (СНГ) шығысы	$y_5$ – СКГ шығысы	$y_6$ – отын газының шығысы	$y_7$ – бензолдың орташа ОС (ОЧ)	$y_8$ – бензолдағы күкірт құрамы
н	н	н	н	н	н	н	н	н	н	о	о	ож	н	н	н	н	нт
нж	н	н	н	н	н	н	н	н	н	ож	ож	о	н	н	н	нт	н
Ескертулер: 1 н (н) – норма; 2 о (с) – орташа; 3 ож (вс) – орташадан жоғары; 4 нт (нн) – нормадан төмен; 5 нж (вн) – нормадан жоғары; 6 және т.б.																	

#### 1.4 Бензол өндірісінің ХТЖ – зерттеу нысанының жүйелік талдауы және сипаты

Атырау МӨЗ-дағы бензол өндіру технологиялық кешенін зерттеу объектісі ретінде сипаттайық. Бензол және ароматикалық көмірсутектер өндіру кешенін салу мақсаты ҚР мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту бағдарламасын орындау аясында мұнай химиясы шикізаттарын өндіруді қамтамасыз үшін қазіргі заман



талаптарына сай техникалық базаны ұйымдастыру және дамыту, сондай-ақ, әлемдік экологиялық стандарттар сәйкес келетін жоғары сапалы мұнай өңдеу өнімдерін шығару.

Бензол - органикалық химиялық қосынды. Химиялық формуласы  $C_6H_6$ . Бензол бензин құрамына кіреді, сонымен қатар дәрі, пластмасса, синтетикалық резина өндіру өнеркәсіптерінде кеңінен қолданылды.

Сондай-ақ бұл өнім химия кәсіпорындарында бензолдан алынатын өнімдердің көптеген ассортименттерін: алкилбензол, нитробензол, альфаметилстирол және тағы басқа өнімдерді өндіруге пайдаланылады.

Бензолды тасымалдау темір жол цистерналарында және автоцистерналарында, баржаларда және металл бөшекелерде жүзеге асырылады. Бір ыдыстан екіншісіне айдау жабық жүйеде жүреді, өйткені бензол улы.

Өндіріс технологиясына байланысты бензолдың түрлі маркаларын алады. Мұнай бензолын бензинді фракциялардың каталитикалық риформингі, толуол мен ксилолдың каталитикалық гидродеалкилдеу процесінде, сондай-ақ мұнай шикізатының пиролизінде алады.

*Қолданылатын шикізат:* Атырау МӨЗ-да қолданыстағы технологиялық қондырғыларынан алынатын гидрогенизат (гидротазаланған ауыр нафта).

*Өндірілетін өнім:* жылына 133 мың тонна (бастапқы жобада 26 мың тонна) бензол,  $C_6H_6$  органикалық қосылыс, қарапайым ароматикалық көмірсутек (мұнай химиясының базалық шикізаты); ауыр ароматика (ОС-100) – жылына 558 мың тонна (тауарлық бензиннің компоненті); рафинат – жылына 82 мың тонна (кесте 1.5).

Кесте 1.5 - Бензол өндіру ХТЖ өндірістік балансының салыстырмалы кестесі


Өнімдер	Жылына мың тоннаға шаққандағы саны
Бензол	133
Ауыр ароматика	451
Рафинат	82
СМГ – сығылған мұнай газдары	22
СКГ – сутек құрамды газдар	57
Отындық газ	1

1.1-суретте Атырау МӨЗ Бензол өндіру ХТЖ технологиялық схемасы келтірілген.

*Бензол өндіру технологиялық процессінің сипаттамасы.*

Шикізат – тазартылған экстракт 113°C температурамен R401 реакторынан E401 жылу алмастырғышына түседі, онда 130°C температураға дейін қыздырылып, C401 бензолдық коллонасына беріледі.

Технологиялық сұлбада шикізат ретінде қолданылатын кубтық өнімді 155°C температурамен E401 сымдылығынан кейін экстрактімен араластыратын TRANSPLUS қондырғысы қарастырылады. C401 коллонасының жоғарғы жағындағы бу конденсацияланып және A401 ауамен салқындату аппаратында салқындатылып 93°C температурамен рефлюксті сымдылыққа беріледі.



Сурет 1.1 – Бензол өндіру ХТЖ технологиялық схемасы

С401 бензолдық колоннасының бесінші тәрелкесіндегі бензол 105°С температурамен Р-402-А/В сорабымен Е403 сулы тоңазытқышқа беріліп, одан 40°С температурамен тауарлы өнім ретінде қондырғыдан шығады. Араматика өндіру кешенінсіз бензол өндіріу кешені жұмысы кезінде: С401 колоннасындағы кубтық өнім – фракция С<sub>7+</sub>, 148°С температурамен Р403 – А/В сорабымен С401 бензолдық колоннасына циркуляциялық ағын ретінде беріледі. С<sub>7+</sub> фракциясының баланстық артық қалдығы Е401 жылуалмастырғышында 133°С температураға дейін, содан кейін сулы тоңазытқышта 40°С температураға дейін салқындатылып, қондырғыдан паркке жіберіледі.

С401 бензолдық колоннаның жоғарғы жағындағы қысым 0,1 (1,0) МПа (кгс/см<sup>2</sup>) және температура 104°С, төменгі жағындағы қысым 0,16 (1,6) МПа (кгс/см<sup>2</sup>) және температура 148°С, бензолды бесінші тәрелкеден шығару температурасы 105°С.

### **1.5 Бөлімнің қорытындысы**

1 Зерттелетін нысандардың - өндірістік жүйелердің негізгі параметрлеріне талдау жүргізілді, ықтималдық тәсілдеріне және айқын емес жиындар теориясына сүйенетін, анықсыздық жағдайларында оларды басқарудың негізгі мәселелері мен тәсілдері қарастырылды. Осы жұмыста ШҚ есептерін қалыптастыратын кейбір өндірістік жағдайлар бөлінді және оларды шешу тәсілдері ұсынылды.

2 Өндірістік жүйелердің негізгі сипаттамалары зерттелді және сипатталды, анықсыздық жағдайларында оларды басқару мәселелері мен оларды шешу тәсілдері қарастырылды. Олар үшін есептер қойылатын әртүрлі өндірістік жағдайлар зерттелді және оларды шешу тәсілдері ұсынылды.

3 Эксперттік бағалауларды қолдану сұрақтары зерттелді. Айқын емес ортада эксперттік бағалауды ұйымдастыру және жүргізу тәсілдемесі ұсынылды.

4 Зерттеу нысаны – бензол өндірісінің технологиялық кешенін жүйелік талдау және сипаттау жүргізілді.

## **2 АНЫҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАСҚАРУ ҮШІН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘСІЛДЕРІ**

### **2.1 Анықсыздық жағдайында түрлі ақпарат негізінде ХТЖ-дің модельдерін құру тәсілі және бензол өндіру кешені негізгі агрегаттарының модельдерін тұрғызу**

Математикалық модельдеу (математикалық модельдер негізіндегі жүйені зерттеу процесі) ең тиімді зерттеу тәсіл ретінде адам қызметінің әртүрлі салаларында қолданылады [2, с. 63-65; 20, с. 289-298; 37, с. 352-358; 56-58]. Өндірістік жүйелердің күйін талдау және басқару үшін қолданылатын математикалық модельдеудің негізгі есептерін қарастырайық. Математикалық модельдер оңтайландыру есептерін, шешім қабылдау есептерін тиімді шешу үшін және нысанға қатысты басқарушы әсерлерді өндіру үшін қолданылуы мүмкін.

Математикалық модельдер тәсілдері локальды критерийлер бойынша көптеген әртүрлі нұсқаларды критерийлер бойынша нақтылы қарастыруға және салыстыруға және ең лайықтысын таңдауға мүмкіндік береді, яғни шығысына қарай нысанның режимдік, кіріс параметрлерінің әсерлері анықталғанда әртүрлі өндірістік жүйелерді басқарудың тікелей есептерін шешу құралы болып табылады. Мұндай есептерді шығару металлургиялық, мұнай өңдеу, химиялық және басқа да өнеркәсіптің әртүрлі нысандарына қатысты [2, с. 63-65; 19, р. 103-108; 37, с. 352-358; 56, с. 120-132; 57, р. 7278-7283; 58, с. 346-349; 59-60] жұмыстарында қарастырылды.

Бұдан басқа, басқарушы режимдік параметрлерден сапа критерийлерінің тәуелділігін анықтауға мүмкіндік беретін модельдердің негізінде кері есептерді шығаруға болады. Сондай-ақ нысанның шығыс параметрлеріне талаптар қойылады, мысалы, нысаналы өнімнің қалаулы саны мен сапасы, әртүрлі шектелімдердің мәндері (қорлары, режимдік параметрлердің өзгеру интервалдары және т.б.). Содан кейін оңтайландырудың арнайы алгоритмдерін қолдана отырып шығыс параметрлерінің – сапа критерийлерінің берілген мәндеріне максималдық жуықтауды қамтамасыз ететін, басқарушы параметрлер жинағын анықтайды. Оңтайландырудың алынған нәтижелерін талдай отырып альтернативаны таңдау жүзеге асырылады (өндіріс жұмыстарының режимдері, басқару мәндері), яғни кері есептерді - шешім қабылдау есептерінің шешімдері [14, 40-357 б.; 34, с. 42-52; 40, с. 262-266; 41, с. 62-68; 61-62].

Нысандарды математикалық модельдеу кезінде сәйкес реттілікпен жүргізілетін бірнеше кезеңдерді бөлуге болады [63, 64]. Кезеңдердің саны мен реттілігі модельдеу кезіндегі қойылған тапсырмаға (мақсатқа) байланысты. Модельдеудің ең ортақ кезеңіне келесі көрсетілгендер жатады:

1 Модельдеудің соңғы мақсаттары анықталатын есептер қойылымы, араларындағы өзара байланыстары бізді қызықтыратын, факторлар мен көрсеткіштер жинағы және зерттеулерді жүргізу реттілігі.

2 Өндірістік жүйелер және олардың ағымындағы процестер туралы априорлық ақпаратты қалыптастыру және математикалық сипаттау жасау. Мұнда бірінші кезеңде анықталған талаптарды қанағаттандыратын қолжетімді ақпаратты жинау және өңдеу жүзеге асырылады, олардың негізінде өндірістік жүйелердің және процестердің математикалық сипатының жасалуы жүзеге асырылады.

3 Модельдеуші алгоритмді және тегінде модельдеу процесін жасақтау.

4 Математикалық модельдердің адекваттығын (модельді тексеру) анықтау. Өртүрлі нысандардың математикалық модельдеудің кезеңдері толығырақ [65, 66] жұмыстарында қарастырылды – анықталған және ықтималдық модельдері жасалған жағдайда, [18, p. 1487-1493; 19, p. 103-108; 42, c. 147-158; 63, c. 158-162] – нақты нысандардың айқын емес модельдері жасалған жағдайларда. Әдебиетте айқын емес модельдерді жасаудың жеткілікті толық тәсілдемесінің және нақты тәсілдерінің сипатталуы жоқ екенін айтып кеткен жөн.

*Түрлі ақпарат негізінде ХТЖ-дің модельдер пакетін құру тәсілі*

Практикада күрделі ХТЖ-дің жеке элементтері әдетте түрлі деңгейде зерттелген, олардың модельдерін құруға қажетті ақпараттар қамтуы да түрлі деңгейде және сипатта болады. Сол себептен түрлі ақпарат негізінде ХТЖ элементтерінің математикалық модельдер пакетін құру тәсілін қарастырайық.

Түрлі ақпараттармен (теориялық, статистикалық, айқын емес) сипатталатын жүйе элементтерінің модельдерін құрудың негізгі қадамдарын келтіріп, сипаттайық:

1 Технологиялық кешенді зерттеу, ол туралы жиналуы мүмкін ақпаратты жинау және өңдеу, модельдеудің негізгі мақсатын анықтау.

2 Модельдеудің негізгі мақсатын ескере отырып, құрылуы мүмкін модельдерді өз ара бағалау және салыстыру критерийлерін анықтау.

3 Анықталған критерийлер бойынша кешеннің әр агрегатының құрылуы мүмкін модельдерін эксперттік бағалау және бағалау нәтижелерінің қосындысы бойынша әр агрегатқа құрылуы тиімді модельдің түрін анықтау:

3.1 Егер кешеннің жеке агрегатының жұмысын сипаттайтын теориялық мағлұматтар жеткілікті болса және басқа салыстыру критерийлерінің қосындысы бойынша детерминді модель тиімді болса, ол агрегаттың детерминді моделін дәстүрлі аналитикалық тәсілдер арқылы құру;

3.2 Егер кешеннің жеке агрегатының жұмысын сипаттайтын статистикалық мәліметтер жеткілікті болса немесе оларды жинау тиімді болса, сондай-ақ басқа салыстыру критерийлерінің қосындысы бойынша статистикалық модель тиімді болса, ол агрегаттың статистикалық моделі эксперименталды-статистикалық тәсілдер көмегімен құру [67, б. 69].

3.3 Егер кешеннің жеке агрегатының жұмысын сипаттайтын теориялық, статистикалық мәліметтер жеткіліксіз болса, оларды жинау тиімсіз болса, ал агрегат жұмысы мен ондағы процесті сипаттайтын айқын емес ақпарат жинау мүмкіндігі болса, сондай-ақ басқа салыстыру критерийлерінің қосындысы бойынша айқын емес модель тиімді болса, ол агрегаттың айқын емес моделі Айқын емес жиындар теориясы тәсілдерін қолдану арқылы құрылады, ол үшін 4 пунктке көшу [37, б. 353; 67, б. 69].

3.4 Егер кешеннің жеке агрегатының жұмысын сипаттайтын теориялық, статистикалық мәліметтер немесе айқын емес эксперттік ақпараттар жеткіліксіз немесе оларды жинау тиімсіз болса, онда жиналған түрлі (теориялық, статистикалық, айқын емес) ақпарат негізінде агрегаттың құрама моделі құрылады. Нақты агрегаттың түрлі параметрлерін сипаттау үшін жиналған ақпараттың сипатына байланысты 3.1, 3.2 немесе 4 пунктке көшу.

4 Модельді құруға қажетті кіріс  $\tilde{x}_i \in \tilde{A}_i, i = \overline{1, n}$  және шығыс  $\tilde{y}_j \in \tilde{B}_j, j = \overline{1, m}$  параметрлерін анықтап, таңдау. Бұл параметрлер лингвистикалық айнымалылар болады ( $\tilde{A}_i \in X, \tilde{B}_j \in Y$  – айқын емес ішкіжиындар,  $X, Y$  – әмбебап жиындар). Кіріс параметрлері айқын болуы да мүмкін, яғни  $x_i \in X_i, i = \overline{1, n}$ .

5 Егер  $x_i \in X_i$ , яғни кешеннің кіріс параметрлері детерминді, яғни айқын болса, онда жиынтық регрессияның айқын емес теңдеулерінің құрылымын анықтау  $\tilde{y}_j = f_j(x_1, \dots, x_n, \tilde{a}_0, \tilde{a}_1, \dots, \tilde{a}_n), j = \overline{1, m}$  (структуралық идентификация есебін шешу).

6 Эксперттік бағалау тәсілдері негізінде объектіні сипаттайтын ақпарат жинап, айқын емес параметрлердің терм-жиынын  $T(\tilde{X}_i, \tilde{Y}_j)$  анықтау.

7 Модель коэффициенттерінің және объектінің айқын емес параметрлерінің тиістілік функциясын  $\mu_{A_i}(\tilde{x}_i), \mu_{B_j}(\tilde{y}_j)$  тұрғызу.

8 Егер объектінің кіріс және шығыс параметрлері айқын емес болса, онда  $\tilde{x}_i$  және  $\tilde{y}_j$  арасындағы байланысты анықтайтын айқын емес бейнелеуді  $R_{ij}$  формализациялау, яғни объектінің лингвистикалық моделін тұрғызып, 10-қадамға көшу [67, б. 70].

9 Егер 5-ші қадамдағы шарт орындалса, онда таңдалған  $\tilde{y}_j$  функцияларының коэффициенттерінің  $(\tilde{a}_0, \tilde{a}_1, \dots, \tilde{a}_n)$  мәндерін бағалау (параметрлік идентификациялау есебін шешу) 11-ші қадамға көшу.

10 Егер 8-ші пункттегі шарт орындалса, онда композициялық қорытындылау ережесі негізінде объектінің параметрлерінің айқын емес мәндерін анықтап, айқын емес шешімдер жиынынан олардың сан мәндерін таңдау.

11 Модельдің адекваттық шартын тексеру. Егер бұл шарт орындалса, онда модельді технологиялық кешенді зерттеуге және оның оптималды жұмыс режимін табуға ұсыну. Басқа жағдайда адекватты болмауы себебін анықтап, модельді нақтылау үшін алдыңғы пункттерге қайта оралу [37, с. 354; 67, б. 70].

Келтірілген тәсілдің қадамдарына түсініктеме берейік. 1-қадамда модельдеу нысаны ретінде алынған жүйе, оның құрылымы, негізгі элементтері мен оларда өтетін процесстер жүйелі түрде зерттеледі. Жиналуы мүмкін теориялық деректер, статистикалық мәліметтер, эмпирикалық байланыстар мен эксперттік ақпараттар жиналып, өңделеді. Бұл қадамның нәтижесінде модельдің негізгі мақсаты анықталады, ал жиналған және өңделген ақпараттар модельдерді құруға пайдаланылады. 2-қадамда алдыңғы қадамда анықталған модельдеудің негізгі мақсатын ескере отырып, құрылуы мүмкін модельдерді өз ара бағалау және салыстыру критерийлері анықталады [67, б. 69-70].

Келесі 3-қадамда таңдап алынған критерийлер бойынша кешеннің әр агрегатының құрылуы мүмкін модельдерін эксперттік бағалау және бағалау

нәтижелерінің қосындысы бойынша әр агрегатқа құрылуы тиімді модельдің түрін анықтау жүргізіледі. Бұл қадамды орындау және оның нәтижесін кесте түрінде (мысалы кесте 1) жүзеге асырған ыңғайлы және тиімді. 3-қадамның ішкі 3.1 және 3.2 қадамдары белгілі детерминді және статистикалық модельдерді құру тәсілдері негізінде жүзеге асырылады. 3.2 және 3.3 ішкі қадамдар айқын емес жиындар теориясының тәсілдерін және немесе осы тәсілдер мен модельдер құрудың дәстүрлі тәсілдерін үйлестіріп біріге, яғни жүйелі түрде қолдануға негізделген. Олардың мазмұны 4-10 қадамдарда ашылған.

4-ші қадамда қажетті дәлдікке байланысты, нысанның жұмыс сапасын сипаттайтын, мәнді ақпаратты айнымалылар таңдалады. Айқын емес параметрлердің диапазондары ыңғайлылық үшін минималды ( $x^{min}$ ,  $y^{min}$ ) және максималды ( $x^{max}$ ,  $y^{max}$ ) мәндері көрсетілген кесінді түрінде беріледі. Бұл кесінділер эксперт-мамандардың сараптамасына байланысты бірнеше дискреттеу интервалдарына (кванттарға) бөлінеді:

$$x_i^{min} = x_i^1 < x_i^2 < \dots < x_i^n = x_i^{max}, \quad y_j^{min} = y_j^1 < y_j^2 < \dots < y_j^m = y_j^{max}$$

Жиынтық регрессияның айқын емес теңдеулерінің құрылымын анықтау үшін (5-ші қадам) айқын емес регрессиялық талдау әдістемесін қолдануға болады. Бұл кезеңнің негізгі маңызы нысанды сапалық талдау, оның нәтижесінде нысанның жұмысына әсер ететін негізгі параметрлер мен олардың өз ара байланысы анықталады және модельдің құрылымын идентификациялайтын тәсіл таңдалады [67, б. 71].

Жалпы жағдайда бұл әдістеме арқылы құрылатын айқын емес модельдер жиынтық регрессияның айқын емес теңдеулері түрінде болады.

Терм-жиынды құру үшін (6-шы қадам) таңдап алынған әрбір квант сөз жүзінде сәйкес айқын емес терминдермен сипатталады. Мысалы, егер  $\tilde{y}_j$  мұнай өнімінің, мысалы бензиннің сапасы болса, онда оны келесі термдермен сипаттауға болады:  $\tilde{y}_j = \{\text{өте төмен, төмен, орташа, жоғары, өте жоғары}\}$  [67, б. 71].

Қабылданған терм-жиын, зерттеу объектілерінің жұмысын сипаттайтын, лингвистикалық айнымалы шамалардың мәндерінің жиыны болып табылады.

4 – қадамда алынған әрбір дискреттеу интервалы белгілі бір терммен сипатталады. Бұл термдер, оған сәйкес келетін тиістілік функциясымен сипатталатын айқын емес жиындардан тұрады.

7-ші қадам - айқын емес жиындардың тиістілік функцияларын құру, айқын емес жиындар теориясы тәсілдерін қолдану арқылы күрделі жүйелерді модельдеудің негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады [67, б. 71]. Бұл функцияның аналитикалық формуласын табудың негізгі әдісі - зерттеу параметрінің сәйкес айқын емес жиынға тиістілеу сызығын графикалық тұрғызу. Тұрғызылған график негізінде, оны дұрыс аппроксимациялайтын, функцияның түрі таңдап алынады. Содан соң алынған функциялардың параметрлері идентификацияланады. Мұнай өңдеу технологиялық объектілерін

модельдеу тәжірибесі негізінде бұл жұмыста тиістілік функциясының келесі құрылымы қолданылады:

$$\mu_{B_j}^p(\tilde{y}_j) = \exp(Q_{B_j}^p | (y_j - y_{mdj}) N_{B_j}^p |) \quad (2.1)$$

мұнда  $\mu_{B_j}^p(\tilde{y}_j)$  - шығыс параметрлерінің мәнін сипаттайтын  $\tilde{y}_j$  араметрлерінің  $\tilde{B}_j$  айқын емес жиынына тиістілік функциясы (дәрежесі);

$p$  - квант нөмері;

$Q_{B_j}^p$  - айқын еместіктің деңгейін анықтайтын және тиістілік функциясын идентификациялаған кезде табылатын параметр;

$N_{B_j}^p$  - айқын емес параметрлердің тиістілік функцияларының термдердің анықтау облысын және графигінің формасын өзгертетін коэффициенттер;

$y_{mdj}^p$  - берілген термге ( $p$  квантінде) ең сәйкес келетін айқын емес айнымалы шама, бұл шама үшін  $\mu_{B_j}^p(y_{mdi}) = \max_j \mu_{B_j}^p(y_j)$  [67, б. 72].

5-қадамда жүйенің лингвистикалық моделін құру үшін шартты қортындылаудың логикалық ережелерін қолдануға болады. Жүйенің лингвистикалық моделі эксперттік ақпаратты өндеу нәтижесінде құрылады. Ыңғайлы болу үшін оны кесте түрінде келтіруге болады. Кестеде сөзбен (айқын емес) кіріс параметрлерінің -  $\tilde{x}_i$  әр түрлі мәндері және оларға сәйкес келетін шығыс параметрлерінің  $\tilde{y}_j$  мәндері келтіріледі. Кесте таңдап алынған терм-жиынды қолдана отырылып толтырылады. Осылайша құрылған модельдің негізінде, кіріс және шығыс параметрлері арасындағы байланысты анықтайтын айқын емес бейне (отображение)  $R_{ij}$  анықталады,  $p$  кванты үшін айқын емес бейне мына түрде анықталады:  $R_{ij} = A_i^p \circ B_j^p$ .

Айқын емес  $R_{ij}$  бейнені қолдануға ыңғайлы болу үшін есептеу кезінде айқын емес байланыстар матрицасын  $\mu_{R_{ij}}(\tilde{x}_i, \tilde{y}_j)$  құру қажет, мысалы жалпы алғанда берілген кванттарға:

$$\mu_{R_{ij}}^p(\tilde{x}_i, \tilde{y}_j) = \min[\mu_{A_i}^p(\tilde{x}_i), \mu_{B_j}^p(\tilde{y}_j)], i = \overline{1, n}, j = \overline{1, m} \quad (2.2)$$

5-қадамда таңдалған функцияның параметрлерінің бағалануын анықтау үшін 9-шы пункте шығыс параметрлерінің модель арқылы алынған  $\tilde{y}_j^m$  айқын емес мәндерінің экспертті бағалау негізінде іріктелініп алынған  $\tilde{y}_j^o$  мәндерінен ауытқу критерийінің минимизациялануын  $\tilde{R}_j$  (2.2) қолдануға болады [67, б. 72].

Бұл кезеңің негізгі мәселесі зерттеу жүйесінің негізгі қасиеттерін қамтамасыз ететін, белгісіз параметрлерді бағалау тәсілін таңдау болып табылады. Алынған айқын емес модельдер жиынтық регрессияның айқын емес теңдеулері түрінде болады:



$$\tilde{y}_j = \tilde{a}_{oj} + \sum_{i=1}^n \tilde{a}_{ij} x_{ij} + \sum_{i=1}^n \sum_{k=i}^n \tilde{a}_{ikj} x_{ij} x_{kj}, j = \overline{1, m}$$

Сипатталған алгоритмнің 10-шы қадамның негізінде композициялық қорытындылау ережесі  $B_j = A_i \circ R_{ij}$  жатыр. Бұл ереженің көмегімен шығыс параметрлерін есептеуге болады, мысалы, максиминді көбейтіндіні қолдану арқылы [67, б. 72]:

$$\mu_{B_j}^p(\tilde{y}_j^*) = \max_{x_i \in X_i} \{ \min[\mu_{A_i}^p(\tilde{x}_i^*), \mu_{R_{ij}}^p((\tilde{x}_i^* \tilde{y}_j^*))] \} \quad (2.3)$$

мұнда  $\tilde{x}_i^*$  - кіріс параметрлерінің эксперт арқылы бағаланған (өлшенген) мәндері болсын, бұл жағдайда кіріс параметрлерінің ағымдағы мәндері жататын жиын өлшенетін кіріс параметрлерінің тиістілік функциясы макси-малды болатын айқын емес жиын ретінде анықталады:  $\mu_{A_i}(\tilde{x}_i^*) = \max(\mu_{A_i}(\tilde{x}_i))$ .

Шығыс айнымалыларының болжамды мәндері (айқын емес мәндері) сәйкес тиістілік функциялары  $\mu_{B_j}^p(y_j^*)$  (2.3) түрінде анықталады.

Шығыс параметрлерінің  $y_j^c$  нақты сандық мәндері айқын емес шешімдер жиынынан келесі өрнек арқылы анықталады:

$$y_j^{**} = \arg \max_{\tilde{y}_j^*} \mu_{B_j}^p(\tilde{y}_j^*) \quad (2.4)$$

яғни тиістілік функциясы максимумға жететін параметрлері таңдалады [67, б. 73].

Соңғы 11-ші қадамның мағынасы - модельдің объектіге сәйкес келуін (адекваттығын) тексеру болып табылады. Модельдеу объектісіне модель мына жағдайда адекватты болады деп саналады, егер де кіріс параметрлерінің бірдей мәнінде модельдің көмегімен компьютерде анықталған объектінің сипаттамалары берілген дәлдікпен, объектіден эксперименталды алынған, нақты мәліметтермен сәйкес келсе.

Адекваттық критерийісі ретінде, әдетте, есептеу жолымен (модельдік)  $y^m$  және нақты өндірістік (экспрементальдық) –  $y^o$  мәліметтердің айырмасының мәні қолданылады:  $R = |y^m - y^o|$  [67, 73 б]. Мұнда айырманың рұқсат етілген деңгейі  $R_d$  таңдап алынады. Сонымен,  $R = |y^m - y^o| \leq R_d$  болса, модель адекватты деп есептеледі.

Егер де адекваттық шарты орындалмаса, адекватсыздықтың себебі анықталады, математикалық модель толықтырылып, адекватсыздығы түзеледі. Адекватсыздықтың себебі кейбір негізгі параметрлердің маңыздылығын бағаламау және оны модельде ескермеу, айқын емес теңдеулердің дұрыс емес немесе толық емес құрылымдарын алу, параметрлік идентификациялау кезіндегі қателер т.с.с болуы мүмкін. Адекватсыздықтың себебін анықтаған соң, модельді түзеу үшін келтірілген тәсілдің сәйкес қадамына қайтып келеміз.

*Анықсыздық жағдайларында өндірістік жүйелерді және процестерді модельдеу тәсілдемесі*

Заманауи компьютерлердің, ақпараттық технологиялардың және бағдарламалық құралдардың жылдам дамуы әртүрлі өндірістік, химия-технологиялық жүйелерді модельдеудің және басқарудың күрделі есептерін шешуге ұмтылыс және мүмкіндік тудырды. Мұндай есептерді шешу үшін маңызды бөлігін компьютерде өңдеу үшін жарамды нақты, айқын анықталған сандар түрінде түсініксіз, үлкен көлемдегі айқын емес, күрделі және нақты емес ақпаратты алуда және өңдеуде қажеттіліктер туындайды. Әртүрлі себептер бойынша: өлшеуіш қондырғылардың жетілмегендігіне байланысты немесе көп жағдайларда адам (ШҚТ, сарапшы) ақпараттың негізгі көзі болып табылуы салдарынан, жиналған ақпарат толық емес және айқын болып табылады. Осы себептер бойынша анықсыздықты (соның ішінде субъективті анықсыздық) ұсынудың және талдаудың құралдарын және тәсілдерін, нысанның модельдеу тәсілдемесін, айқын емес ортада өндірістік жүйелерді жасақтау өте маңызды және өзекті есеп болып табылады.

Жүйелерді талдаудың дәстүрлі тәсілдері күрделі өндірістік нысандарды және жүйелерді зерттеу үшін жеткіліксіз жарамды, өйткені олар адамның ой-санасының математикалық айқынсыздығын қалыптастыратын жағдайда емес. Сондықтан күрделі жүйелерді сапалы талдау және олардың математикалық модельдерін құру үшін жоғары дәлдігі және қаталдық қажетті болып табылмайтын және айқынсыздық пен дәлсіздікті жіберетін тәсілдемелік сұлба қолданылатын тәсілдер қажет.

Бастапқы ақпараттың тапшылығымен және айқынсыздығымен сипатталатын ХТЖ, өндірістік нысандарды модельдеудің біз ұсынған тәсілін қарастырайық [5, с. 438-441; 20, с. 289-298; 37, с. 352-358]. Зерттеу және модельдеу нысаны ретінде бірнеше өзара байланысқан қосалқы жүйелерден, элементтерден (технологиялық агрегаттардан) тұратын өндірістік жүйені қарастырайық. Мысалы, технологиялық жүйе өзара материалдық, жылу, энергетикалық және ақпараттық ағымдар бойынша өзара байланысқан бірнеше агрегаттардан тұрады, әрі олардың біреуісінің параметрін өзгерту басқаларының параметрлерінің өзгеруіне әкеледі, бұл алынатын өнімдердің санына және сапасына әсер етеді. Осыған байланысты өндірістік жүйелерді зерттеу және басқару үшін әрбір қосалқы жүйеге, өндірістің аралық және соңғы көрсеткіштеріне, тұтасымен ХТЖ, яғни жүйенің құрылымдық математикалық моделіне кешендердің параметрлерінің әсерін ескере отырып, өндіріс элементтерінің және бөлек қосалқы жүйелерінің байланысқан математикалық модельдері болуға тиіс [37, с. 352-358]. Күрделілігіне және басқа да сипаттамаларға байланысты ХТЖ әрбір элементінің модельдері әртүрлі тәсілдерді (теоретикалық, тәжірибелік-статистикалық, айқын емес жиындар теорияларының тәсілдерінің негізінде, құрастырылған) қолдану арқылы құрылуы мүмкін, яғни әрбір нысан үшін модельдер жинағын алуға болады, мысалы, әртүрлі мүмкіндіктерімен, қасиеттерімен және жасақтау шығындарымен сипатталатын анықталған, статистикалық, айқын емес, құрастырылған. ХТЖ жұмысын жүйелі модельдеу үшін модельдер жүйесін

құру қажет, яғни модельдердің бірыңғай жүйесіне оларды келесі біріктіру мүмкіндігін ескере отырып модельдер жүйесін жасау қажет. Бұл үшін эксперттік бағалау жолы арқылы нысанның модельдерінің әрбір типінің кемшіліктері мен құндылықтарына талдау жүргізіледі, модельдерді таңдау және салыстыру критерийлері шығарылады, оларды біріктіру принциптері анықталады.

Олар бағаланатын модельдердің әртүрлі типтерін салыстырудың негізгі критерийлері ретінде келесі көрсеткіштер ұсынылады: қажетті ақпараттың қолжетімділігі; тағайындалуы бойынша пайдалану мүмкіндігі, мысалы, шешім қабылдау жүйелерінде; жасақтау шығындары; дәлдігі; пайдалану қарапайымдығы және т.б. Өндірістік жүйенің құрамында әртүрлі ағымдармен өзара байланысқан және олар үшін жеке модельдер құрылатын  $N$  нысандар бар дейік. Онда сарапшылармен нысанды кешенді зерттеу, теориялық зертеулерді және тәжірибелік деректерді талдау арқылы жүргізілетін бұл нысандардың модельдерінің мүмкін типтерін бағалау нәтижелері 2.1 кесте түрінде ресімделуі мүмкін. 2.1. кестеде келтірілген эксперттік бағалау нәтижелері бойынша нысан жүйесінің модель типтерін (альтернативаларын) көп критерийлі таңдауы жүзеге асырылады [18, p. 1487-1493; 19, p. 103-108].

Кесте 2.1 - Өндірістік жүйенің ішкіжүйелерінің, элементтер модельдерінің мүмкін типтерін талдау және бағалау

Модельдер түрлері	Критерийлер	Кешен нысандары			
		1	2	...	N
1	2	3	4	5	6
Детерминді	1 Қажетті ақпараттың қолжетімдігі.	$\alpha_{111}$	$\alpha_{112}$	...	$\alpha_{11N}$
	2 Тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіндігі.	$\alpha_{121}$	$\alpha_{122}$	...	$\alpha_{12N}$
	3 Жетілдіруге кеткен шығындар.	$\alpha_{131}$	$\alpha_{132}$	...	$\alpha_{13N}$
	4 Дәлдік	$\alpha_{141}$	$\alpha_{142}$	...	$\alpha_{14N}$
	5 Эксплуатациялау қарапайымдылығы	$\alpha_{151}$	$\alpha_{152}$	...	$\alpha_{15N}$
Статистикалық (ықтималдылық)	1 Қажетті ақпараттың қолжетімдігі.	$\alpha_{211}$	$\alpha_{212}$	...	$\alpha_{21N}$
	2 Тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіндігі.	$\alpha_{221}$	$\alpha_{222}$	...	$\alpha_{22N}$
	3 Жетілдіруге кеткен шығындар.	$\alpha_{231}$	$\alpha_{232}$	...	$\alpha_{23N}$
	4 Дәлдік.	$\alpha_{241}$	$\alpha_{242}$	...	$\alpha_{24N}$
	5 Эксплуатациялау қарапайымдылығы	$\alpha_{251}$	$\alpha_{252}$	...	$\alpha_{25N}$
Айқын емес	1 Қажетті ақпараттың қолжетімдігі.	$\alpha_{311}$	$\alpha_{312}$	...	$\alpha_{31N}$
	2 Тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіндігі.	$\alpha_{321}$	$\alpha_{322}$	...	$\alpha_{32N}$
	3 Жетілдіруге кеткен шығындар.	$\alpha_{331}$	$\alpha_{332}$	...	$\alpha_{33N}$
	4 Дәлдік	$\alpha_{341}$	$\alpha_{342}$	...	$\alpha_{34N}$
	5 Эксплуатациялау қарапайымдылығы	$\alpha_{351}$	$\alpha_{352}$	...	$\alpha_{35N}$

## 2.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Құрама	1 Қажетті ақпараттың қолжетімдігі.	$\alpha_{411}$	$\alpha_{412}$	...	$\alpha_{41N}$
	2 Тағайындалуы бойынша қолдану мүмкіндігі.	$\alpha_{421}$	$\alpha_{422}$	...	$\alpha_{42N}$
	3 Жетілдіруге кеткен шығындар.	$\alpha_{431}$	$\alpha_{432}$	...	$\alpha_{43N}$
	4 Дәлдік.	$\alpha_{441}$	$\alpha_{442}$	...	$\alpha_{44N}$
	5 Эксплуатациялау қарапайымдылығы	$\alpha_{451}$	$\alpha_{452}$	...	$\alpha_{45N}$

Келтірілген кесте  $a_{ijk}$  ( $i = \overline{1,4}$  – модель типі,  $j = \overline{1,5}$  – модельді бағалау критерийі,  $k = \overline{1,N}$  – нысанның нөмірі (жүйе элементі) –  $k$ -ші нысан үшін  $j$ -ші критерий бойынша  $i$ - модель түрін бағалау, мұны ұпай шкаласы бойынша бағалау ыңғайлы (мысалы бес ұпайлы). Айқын емес бағалау рұқсат етіледі, яғни  $\tilde{\alpha}_{ijk}$  – берілген терм-жиындардың айқын емес айналымы болып табылады, оны  $\mu_{\tilde{A}}(\tilde{\alpha}_{ijk}); \tilde{\alpha}_{ijk} \in \tilde{A}$ ,  $\tilde{A}$  – айқын емес қосалқы жиынтықтар тиістілік функцияларының көмегі арқылы сипаттауға болады.

Нысанның модельдерін (жүйе элементтерін) бірыңғай жүйеге біріктіру жүйенің құрылымына сәйкес жүзеге асырылады. Сондай-қа бір модельдің (есептеу нәтижелері) шығыстары басқасы үшін (шығыс деректері) кіріс болуы мүмкін. Модельдер әртүрлі типті болғанда, өзара байланысқан кірістер мен шығыстар бір түрге қалыптасуы мәселелері туындауы мүмкін. Осылайша, жоғарыда қарастырылған критерийлерден басқа, өндірістік жүйе нысандарының модельдер типін таңдау кезінде олардың түйісу және бір пакетке (модельдер жүйесіне) бірігу мүмкіндіктерін ескеру қажет.

*Айқын емес ортада модельдерді синтездеу тәсілдемелері*

Айқын емес ақпараттың негізінде модельдерді жасақтауға қатысты әртүрлі тәсілдерден үшеуін бөлуге болады [14, с. 25-37; 42, с. 57-68].

1) айқын емес ақпаратты ескеру арқылы регрессиялық талдау идеясын қолдануда негізделген тәсіл;

2) шартты қорытындының логикалық ережелеріе қолдануда негізделген тәсіл;

3) құрастырылған тәсілдер.

Бірінші тәсілемде қолдану нәтижесінде айқын емес коэффициенттерімен регрессиялық модельдер алынады. Мұндай тәсілдің негізінде алынған айқын емес модельдер технологиялық нысандар қатарын басқару және модельдеу кезінде [3, с. 160-180; 42, с. 110-130] жетістікпен қолданылады және нысанның басқа кластарын модельдеу үшін қолданылуы мүмкін.

Бұл тәсілдемеде рұқсат етілетіндер кіріс параметрлерінің анықталған мәндері  $x_i, i = \overline{1,n}$  қолжетімді, ал нысанның шығыс параметрлерінің мәндері  $\tilde{y}_j^M, j = \overline{1,m}$  нақты емес немесе өлшенбейді, олар зерттелетін нысан бойынша адам-маманмен сапалы бағалануы мүмкін.

Бұл жағдайларда  $x_i$ , және  $y_j^M$  арасындағы (модель) математикалық тәуелділігін регрессияның айқын емес теңдіктерімен сипаттауға болады:

$$\tilde{y}_j^M = \tilde{f}_j^M(x_1, \dots, x_n) \quad (2.5)$$

мұнда  $\sim$  айқынсыздық операторы.

Бензолдың өндірісі бойынша (2.21)–(2.22) технологиялық кешеннің параметрлерін оңтайландыру есептерінің қойылымын шешу үшін *максимин және Парето оптималдық* тәсілдерінің түрлендірілген комбинациясын қолданамыз. Мұнда ШҚТ локальды критерийлер мен шектелімдердің маңыздылық векторларының салмақтық коэффициенттері анықталады. Айқын емес шектелімдерді орындаудың тиістілік функциялары [82] жұмысында ұсынылған алгоритмнің көмегі арқылы эксперттік бағалаулардың негізінде құрылады.

(2.21)–(2.22) есептерін шешу үшін *FMM+PO* алгоритмін және алынған нәтижелерді дәлдеуді келтірейік:

1 ШҚТ-мен диалогтық режимде локальды критерийлер үшін салмақтық коэффициенттердің мәндері анықталады  $\mu_0^i(x), i = \overline{1,3}$ :  $\gamma = (0.7, 0.2, 0.1)$ ,  $\sum_{i=1}^3 \gamma_i = 1, \gamma_i \geq 0, i=1,2,3$ .

2  $\mu_0^i(x)$  және  $\gamma$  н айқын емес болғандықтан, олар үшін терм-жиындарды анықтау және тиістілік функцияларын құру қажеттілігі жоқ. Критерийлер  $[0,1]$  интервалында қалыптастырылған және жоғарыда құрылған модельдердің көмегі арқылы анықталады.

3 ШҚТ-мен және сарапшы-мамандармен диалогтық режимде келесі шектелімдер үшін салмақтық коэффициенттердің мәндері анықталды  $\mu_q(x)$ ,  $q = \overline{1,3}$ :  $\beta = (0.7, 0.3)$ ,  $\sum_{q=1}^2 \beta_q = 1$ ,  $\beta_q \geq 0$ ,  $q = 1, 2$ .

4  $p_q$ ,  $q = 1, 2$  анықталды – әрбір  $q$ -ші координата бойынша қадамдар саны:  $p_1 = 5$ ;  $p_2 = 2$ .

5  $h_q = \frac{1}{p_q}$ ,  $q = \overline{1,2}$  анықталды – салмақтық вектордың  $\beta_q$ :  $h_1 = \frac{1}{p_1} = \frac{1}{5} = 0,2$ ;  $h_2 = \frac{1}{p_2} = \frac{1}{2} = 0,5$ . координаттарын өзгертуге арналған қадамдар шамалары.

6 Қадаммен  $h_q$ ,  $q = 1, 2$  кесінділерде  $[0, 1]$  координаталарды құбылту арқылы  $\beta^1, \beta^2, \dots, \beta^N$ ,  $N = (5 + 1) \cdot (2 + 1) = 18$  салмақтық векторлар жинағы құрылды.

7 Терм-жиын анықталды және  $\mu_q(x)$ ,  $q = 1, 2$  шектелімдерді орындаудың тиістілік функциялары құрылды. Шешілетін есеп екі айқын емес шектеліммен сипатталады: бензолдың орташа октандық саны  $\gtrsim$  (кем емес) 102 және бензол құрамындағы күкірттің үлесі  $\lesssim$  (артық емес) 0,00005%. Бұл айқын емес шектелімдерді сипаттау үшін келесі терм-жиын анықталды:  $T(X, Y) = \{\text{төмен, орташадан төмен, орташа, орташадан жоғары, жоғары}\}$ . Келтірілген терм-жиынды қолдану арқылы айқын емес шектелімдерді орындаудың тиістілік функциялары құрылды:

$$\begin{aligned} \mu_1^1(x) &= \exp(0.5|y_4 - 97|^{0.60}) \\ \mu_1^2(x) &= \exp(0.5|y_4 - 100|^{0.55}) \\ \mu_1^3(x) &= \exp(0.5|y_4 - 102|^{0.50}) \\ \mu_1^4(x) &= \exp(0.5|y_4 - 104|^{0.55}) \\ \mu_1^5(x) &= \exp(0.5|y_4 - 107|^{0.60}) \\ \mu_2^1(x) &= \exp(0.3|y_5 - 0,000005|^{0.15}) \\ \mu_2^2(x) &= \exp(0.3|y_5 - 0,000002|^{0.12}) \\ \mu_2^3(x) &= \exp(0.3|y_5 - 0,000005|^{0.10}) \\ \mu_2^4(x) &= \exp(0.3|y_5 - 0,000008|^{0.12}) \\ \mu_2^5(x) &= \exp(0.3|y_5 - 0,000010|^{0.15}) \end{aligned}$$

мұнда  $\mu_1^p(x)$ ,  $\mu_2^p(x)$ ,  $p = \overline{1,5}$  – бензолдың ( $\mu_1^p(x)$ ) және ( $\mu_2^p(x)$ ) бензолдың құрамындағы күкірт үлесінің бензолдың орташа октандық санына әрбір квант  $p$  үшін айқын емес шектелімдерді орындау деңгейлерін сипаттайтын, тиістілік функциялары,  $y_4$  және  $y_5$  –  $\alpha$  деңгейі жиының негізінде бензолдың сапасының айқын емес көрсеткіштерінің сандық мәндері.

8 Локальды критерийлердің айнымалылардан (режимдік параметрлерден)  $x = (x_1, x_2, x_3, x_4, x_5)$  тәуелділігін сипаттайтын нысанның моделінің негізінде, (2.21) өрнегі бойынша анықталатын  $X$  жиынында  $\max_{x \in X} \mu_0^1(x)$  (2.22) максимимдеу

есебі шешілді. Критерийлер 1 тармақта анықталған маңыздылық коэффициенттерін ескеру арқылы  $X$  жиынында максимимделді. Ағымдағы шешімдер анықталды  $x(\gamma, \beta), \mu_0^1(x(\gamma, \beta)), \mu_0^2(x(\gamma, \beta)), \mu_0^3(x(\gamma, \beta)), \mu_1(x(\gamma, \beta)), \mu_2(x(\gamma, \beta))$ . Мұнда берілген есептің ең қолайлы тәсілін қолдануға болады, біздің жағдайда айқын емес ортада жұмыс жасау үшін айыппұл функцияларының түрлендірілген тәсілі қолданылды.

9 Алынған шешім ШҚТ ұсынылады. Егер де ағымдағы нәтижелер ШҚТ қанағаттандырмаса, онда ол жаңа мәндерді тағайындайды немесе  $\gamma$  және (немесе)  $\beta$  мәндері түзетіледі, және 2 тармаққа қайта оралу жүзеге асырылады. Әйтпесе 10 тармаққа өтеді. Біздің мысалда, ШҚТ таңдаған шешім циклдан кейін 2.2 кестесіне енгізілді.

10 Шешімдерді іздеу тоқтатылады, ШҚТ соңғы таңдауының: бензолдың өндірісі бойынша кешеннің:  $x_1^*(\gamma, \beta), x_2^*(\gamma, \beta), x_3^*(\gamma, \beta), x_4^*(\gamma, \beta), x_5^*(\gamma, \beta)$  (2.2 кестені қараңыз) тиімді режимдерін;  $\mu_0^1(x^*(\gamma, \beta)), \mu_0^2(x^*(\gamma, \beta)), \mu_0^3(x^*(\gamma, \beta))$  локальды критерийлердің тиімді мәндерін  $\mu_1(x^*(\gamma, \beta)), \mu_2(x^*(\gamma, \beta))$  (2.2 кестені қараңыз),  $x = (x_1, x_2, x_3, x_4, x_5)$ ;  $\gamma = (\gamma_1, \gamma_2, \gamma_3) = (0.7, 0.2, 0.1)$ ;  $\beta = (\beta_1, \beta_2) = (0.7, 0.3)$  айқын емес шектелімдердің орындалуының максималды деңгейін қамтамасыз ететін нәтижелері шығарылады.

Кесте 2.2 – (FMM+PO) ұсынылған алгоритм бойынша, детерминді әдіс бойынша оңтайландыру есептерін шешу нәтижелерін салыстыру

Критерийлер мен шектеулер мәні	Детерминді әдіс	Ұсынылған алгоритм (FMM+PO)
Бензолды колоннадан бензол шығысы, мың. тн – критерий $y_1$	133	134,1
Бензолды колоннадан рафинад шығысы, мың. тн – критерий $y_2$	82	82,4
Ректификационды колоннадан ауыр ароматика шығысы, мың. тн – критерий $y_3$	450	450
«Бензолдың орташа октандық саны - $\geq 102 - \mu_1(x^*(\beta))$ кем болмауы керек» айқын емес шектеуі орындалуының тиістілік функциясы	–	1.0
«Бензол құрамындағы күкірт мөлшері $\leq 0,00005\% - \mu_2(x^*(\beta))$ үлкен болмауы керек» айқын емес шектеуі орындалуының тиістілік функциясы	–	1.0
Бензол өндіру кешенінің режим параметрлерінің оңтайлы мәндері $x^* = (x_1^*, x_2^*, x_3^*, x_4^*, x_5^*)$ : $x_1^*$ – шикізат, реформат кірісі; мың.тн.	746	746
$x_2^*$ – бензолды колоннадағы температура, °C;	1240	1230
$x_3^*$ – бензолды колоннадағы қысым, кг/см <sup>2</sup> ;	37	35
$x_4^*$ – шикізат құрамындағы күкірт мөлшері, %;	0,005	0,005
$x_5^*$ – шикізат құрамындағы ароматикалық көмірсутек мөлшері, %	50	50
Ескерту (–) сәйкес көрсеткіштер берілген тәсілмен анықталмайтындығын білдіреді		

Дегенмен, айқын емес оңтайландыру есептерін шешудің және қойылымның альтернативалық жолы бар. Ол айқын емес жиындарды  $\alpha$  деңгейіндегі айқын жиындармен алмастырудан тұрады. Бұл жағдайда бастапқы айқын емес есептің орнына  $\alpha$  деңгейінен алынғанға тәуелді және  $\alpha$  деңгейінің әрбір есебіне сәйкес айқын есептердің жинағын алады, шешімі  $x^*(\alpha)$  [45, с. 108-110; 61, с. 120-131; 80, р. 689-708]. ШҚТ үшін мәселе туындайды: бастапқы айқын емес есептің қай  $\alpha$  жуықтатуды және  $x^*(\alpha)$  айқын шешімді таңдау керек. Шын мәнінде ШҚТ көп критерийлі таңдауының бұл мәселесі алынған  $x^*(\alpha)$  нысаналы функциялардың және шектелімдердің мәндерімен сипатталатын шешімдердің сапасын, және сәйкес шешімдерге жететін  $\alpha$ , мәндерін салыстыруы керек. Бастапқы айқын емес ақпаратты жуықтатудың беріктік сипаттамалары ретінде  $\alpha$  шамаларын түсіндіру кезінде ШҚТ ең үздік шешімді таңдайды.

ШҚ оңтайландыру есептерінде  $\alpha$  деңгейінің жиындарын қолданудың кейбір ерекшеліктерін бөлу үшін бір айқын емес шектелімде айқын емес нысаналы функцияны максимимдеудің жеке жағдайын қарастырайық:

$$\text{П.23. } \max_{x \in X} f_0(x, \tilde{\alpha}_0)$$

$$X = \{x : x \in \Omega \wedge \arg(\varphi_1(x, \tilde{\alpha}_1) \geq \tilde{b}_1)\}$$

мұнда  $f_0(x, \tilde{\alpha}_0)$  -  $\alpha$  айқын емес коэффициенттерімен (параметрлерімен) нысаналы функция;

$\varphi_1(x, \tilde{\alpha}_1)$  - айқын емес коэффициенттерімен шектелімдер функциясы;

$\tilde{b}_1$  - айқын емес сан.

$\alpha$  деңгейінің жиынын енгізе отырып алатынымыз:

$$\tilde{f}_0(x, \tilde{\alpha}_0) \Rightarrow f_0(x, a_0^\alpha),$$

$$\tilde{\varphi}_1(x, \tilde{\alpha}_1) \Rightarrow \varphi_1(x, a_1^\alpha),$$

$$\tilde{b}_1 \Rightarrow b_1^\alpha$$

Функцияның және сандардың алынатын айқын мәндерінің мүмкін бірімнді еместігін айта кетейік.  $\tilde{b}_1 = \{b_1, \mu(b_1)\}$ ,  $b_1 \in [\underline{b}_1, \bar{b}_1]$  айқын емес сандары үшін  $\alpha$  деңгейінің жиынына ауысу кезінде  $b_1^\alpha \in [\underline{b}_1^\alpha, \bar{b}_1^\alpha]$  аламыз. Функцияның айқын мәндері ұқсас айқын емес коэффициенттерді айқын сандарға ауыстыру кезінде пайда болатын кесінділерге жатады.

Белгіленген бірімнді еместіктерді шешетін, МП есептерінің айқын қойылымдарының келесі нұсқасы ұсынылады [45, с. 108-111]:

$$\max_{x \in X} \min_{a_0^\alpha} f_0(x, a_0^\alpha)$$

$$X = \{x : x \in \Omega \wedge \arg(\min_{a_1^\alpha} g_1(x, a_1^\alpha) \geq \max b_1^\alpha)\}$$

Математикалық бағдарламалау есептерінің қойылымдарының мұндай нұсқасы кезінде коэффициенттердің ең нашар мәндері кезінде есептерді шешудің ең үздік нұсқалары ізделеді. Шын мәнінде есептің қойылымы кезінде максимин принципі жүзеге асырылады.

П.1–П.20 типті АЕМБ есептерін  $\alpha$  деңгейінің жиындарымен ұқсас тәсілдерді пайдалана отырып математикалық бағдарламалаудың айқын есептерінің қойылымдарына келтіруге болады.  $\alpha$  деңгейінің жиындарының негізінде көп критерийлі айқын емес есептерін шешудің тәсілдері мен кейбір алгоритмдері келесі бөліктерде келтірілген.

Нысандардың бастапқы сипатында айқын емес салмақтық коэффициенттердің болуы жағдайында сондай-ақ салмақтық коэффициенттер үшін  $\alpha$  деңгейінің жиындарын енгізе отырып АЕМБ есептерін қоюға болады.

2.2 кестеде келтірілген деректемелерді талдау нәтижесінде келесі қорытындылар алынды:

1 Ұсынылған *FMM+PO* алгоритмі анықталған тәсілмен салыстыру бойынша оларды анықталған нұсқаға алдын-ала түрлендірусіз айқын емес шектелімдерімен есептерді шешуге мүмкіндік береді, кейбір көрсеткіштері бойынша үздік нәтижелерді қамтамасыз етеді.

2 Айқын емес қойылымда көп критерийлі есепті шешу кезінде өндірістік есептерді шешу адекваттығы жақсарады, өйткені идеализациясыз шынайы жағдайда адекватты түрде сипаттауға мүмкіндік беретін айқын емес ақпарат (өндірістік қызметкерлердің, сарапшы-мамандардың білімдері, тәжірибелері) қолданылады.

3 *FMM+PO* алгоритмі тиістілік функциясын анықтауға мүмкіндік береді, яғни айқын емес шектелімдерді орындау деңгейі өндірістік жағдайларда жиі туындайтын айқын емес шектелімдерімен есептердің шешімдерін қамтамасыз етеді.

4 ШҚТ көмегімен оңтайландыру процесінде өнімнің саны мен сапасының арасындағы ымыралық шешімді анықтайды.

Осылайша, өнімнің сапасын  $(y_1, y_2, y_3)$  жақсарту үшін олардың көлемін азайту керек. Сондықтан бір уақытта оның сапасын жақсарту арқылы бензолдың шығыс көлемін максимимдеу есептерінің қойылымы дұрыс емес болып табылады. Бұл жағдайда есептің дұрыс қойылымының екі нұсқасы болуы мүмкін:

1) берілген мәндерден кем емес сапа көрсеткіштерін қамтамасыз ету арқылы өнімнің шығыс көлемін максимимдеу;

2) өнімнің шығысына берілген көлемді қамтамасыз ету арқылы өнімнің сапасын максималды жақсарту, яғни өнімнің көлеміне шектелімдер енгізу және есепке алу.

Кестеде келтірілген нәтижелер айқын емес ортада шешім қабылдау есептерінің ұсынылған алгоритмінің тиімділігін көрсетеді, өйткені белгілі тәсілдердің [83] нәтижелерімен салыстырғанда барлық көрсеткіштері бойынша жаман емес нәтижелер көрсетеді, ал бензол мен рафинаттың шығысы бойынша нәтижелері жақсартылған. Бұдан басқа *FMM+PO* алгоритмі айқын емес шектелімдерді есептеуге мүмкіндік береді, айқын емес шектелімдердің



орындалу деңгейін анықтайды. Көрініп тұрғандай оңтайландыру кезінде айқын емес шектелімдердің толық орындалуы қамтамасыз етіледі, яғни олардың тиістілік функциялары  $\mu_1(x^*(\beta))$  және  $\mu_2(x^*(\beta))$  1 тең.

Осылайша, бұл бөлікте эквивалентті анықталған нұсқаларға түзетусіз айқын емес ортада қойылатын және шешілетін бензолдың өндірісінің ХТЖ режимдік параметрлерін оңтайландыру үшін шешім қабылдау есептерінің жаңа қойылымдары алынды, оларды шешудің эвристикалық алгоритмдері жасақталды. Жасақталған алгоритмдер тиімділіктің әртүрлі принциптерін түрлендіруге және комбинациялауға негізделген, олар айқын емес математика тәсілдерінің негізінде айқын емес ортада жұмыс жасау үшін түрлендірілген. Атырау МӨЗ-ның бензол өндірісі бойынша кешеннің технологиялық агрегаттарының модельдерінің жүйелерін жасақтау кезінде жүзеге асырылған, айқын емес ақпаратты ескеру арқылы анықсыздық шарттарында технологиялық жүйелердің математикалық модельдерін құру тәсілдері ұсынылды. Жасақталған модельдер зерттелетін нысанның жұмыстарының тиімді режимдерін таңдау бойынша шешім қабылдау кезінде қолданылды.

Нәтижелердің жаңалығы болып айқын емес ақпараттың негізінде анықсыздық жағдайларында технологиялық жүйелердің математикалық модельдерін жасақтаудың ортақ тәсілін ұсыну табылады, нысанның тиімді жұмыс режимдерін таңдау есептері айқын емес ортада оларды анықталған эквивалентті есептерге алдын-ала түзетусіз қойылады және шешіледі. Осылайша, басқа авторлардың тәсілдеріне қарағанда ұсынылатын айқын емес ортада шешім қабылдау есептерін шешу тәсілдерінде критерийлер мен шектелімдерді сипаттау кезінде алынатын бастапқы ақпараттың айқынсыздығы сақталады және ШҚТ үшін ыңғайлы түрде тиімділіктің әртүрлі принциптерінің негізінде көп критерийлік мәселелері рұқсат етіледі. Бұл айқын емес ортада өндірістік жағдайларды өте адекватты сипаттауға және оңтайландырудың туындайтын есептерінің тиімді шешімдерін алуға мүмкіндік береді. Есептің қойылымы кезінде оңтайландырудың сол немесе басқа принциптерін пайдалана отырып, біз режимдік параметрлерді оңтайландыру үшін шешім қабылдаудың бастапқы есептерінің әртүрлі шешімдерін және қойылымдарын жасаймыз, бұл ШҚТ-ға таңдау мүмкіндігін береді, оларды салыстыру арқылы қолайлысын және оның қалауы бойынша жақсы шешімдерін таңдайды.

## **2.5 Бөлімнің қорытындысы**

1 Өндірістік жүйелерді басқару үшін модельдеу және шешім қабылдау есептері зерттелді және сипатталды.

2 Әртүрлі өндірістік жағдайларда айқын емес ортада көп критерийлі өндірістік жүйелерді басқару үшін модельдеу және шешім қабылдау есептерінің қойылымдары зерттелді, қалыптастырылды және алынды және олардың шешудің эвристикалық тәсілдері жасақталды, есептерді шешу әдістерін таңдау тәсілдемесі ұсынылды.

3 Көп критерийлі өндірістік жүйелерді басқару үшін шешім қабылдау есептері зерттелді. ШҚ есептерін жіктеу және оларды шешу тәсілдеріне талдау

жүргізілді. Айқын емес математикалық бағдарламалау және оңтайландыру есептері бөлінді.

4 Бастапқы ақпараттың айқынсыздығын ескеру арқылы өндірістік жүйелердің модельдерін құру тәсілдемесі ұсынылды. Айқын емес ортада модельдерді синтездеуге қойылатын тәсілдер зерттелді және айқын емес ақпараттың негізінде өндірістік модельдердің модельдерін жасақтау тәсілдері ұсынылды.

5 Ұсынылған тәсілдеменің негізінде бастапқы ақпараттың тапшылығы және айқынсыздығы жағдайларында бензолдың өндірісі бойынша технологиялық кешеннің модельдері жасақталды, бензолдың өндірісін басқару бойынша айқын емес ортада ШҚ есептерінің қойылымы алынды, қалыптастырылды. Алынған нәтижелерге талдау жүргізілді.

### **3 ҚҰРЫЛҒАН МОДЕЛЬДЕР МЕН ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ БЛОКТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН ТҰРҒЫЗУ**

#### **3.1 ХТЖ-ні басқару кезінде шешім қабылдауды қолдау үшін интеллектуалды жүйелерді құру тәсілдемесі**

Өндірісте ШҚТ көбінесе дұрыс шешім қабылдау үшін, үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеу керек, түрлі балама түрлерін қарастырады, әр түрлі факторлардың әсерін ескереді және анықсыздық жағдайында шешімнің салдарын бағалайды.

Мұндай жағдайлар көпкритериалды ХТЖ оңтайландыру және басқару үшін өндірістік міндеттерді шешу қажет болғанда туындайды.

Мұндай міндеттерді шешу үшін шешім қабылдауды қолдау жүйесі (ШҚҚЖ) өте пайдалы [68, р. 95-99; 75, с. 4-9; 84]. ШҚҚЖ шешім қабылдау процедурасын едәуір жылдамтатуға және жақсартуға мүмкіндік беретін, шешім қабылдау теориясының әдістері мен заманауи компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін біріктіреді. Мұндай жүйелердің құрамына келесі негізгі блоктар кіреді: шешім қабылдау және мәселелерді талдау, білім және мәліметтер базасы, модельдер жүйесі, модельдер идентификаторы және қолданушы интерфейсі. Бұл блоктар ақпаратты ағындармен байланысқан және олардың әрқайсысы белгілі бір функцияны орындайды.

Әртүрлі өндірістік нысандарды басқаруда туындайтын негізгі мәселелердің бірі - үздік шешімдерді іздеу және іріктеу болып табылады. Өндірістік объектінің кіріс және шығыс параметрлері туралы объективті ақпарат болған кезде, олардың негізінде шешілетін математикалық модельдер дәстүрлі тәсілдермен, эксперименттік статистикалық әдістерді қолданумен жасақталады.

Дегенмен, іс жүзінде модельдерді құрастыруда сарапшы –мамандардан, ШҚТ-дан алынған сапалы, айқын емес сипаттағы және өндірістік жүйе ерекшеліктерін көрсететін ақпараттар өте маңызды. Мұндай ақпарат, әдетте, табиғи немесе табиғиға жақын кәсіптік тілде келтіріледі.

Өндірістік жағдайлардың басты ерекшелігі - бастапқы ақпараттың анық болмауы. Мұндай жағдайларда сапалы сипатқа ие ШҚТ-дың, сарапшы-мамандардың білімі мен шешімдерін қалыптастыру қажет. ШҚ-дың айқын емес есептерін шешу үшін, шешім қабылдау жүйесінің құрамына, олармен табиғи емес немесе кәсіби –бағытталған тілде ақпарат алмастыруға мүмкіндік беретін интеллектуалдандыру элементтерін қосу керек. Мұндай мүмкіндіктер жасанды интеллект әдістері негізінде, шешім қабылдауды қолдау жүйесінің құрамына: білімдер базасы, логикалық қортындылау блогы және таңдау нәтижесін түсіндіру, ШҚ есептерін шешудің эвристикалық алгоритмдерін және интеллектуалды интерфейсті қосумен жүзеге асырылады. Шешім қабылдауды қолдау үшін шешім қабылдаудың интеллектуалды жүйелері (ШҚИЖ) деп атаймыз [1, с. 514-519; 53, с. 8-11; 54, с. 12-13]. Келесі анықтамаларды келтіреміз.

*Анықтама.* Интеллектуалды шешім қабылдау жүйесі дегеніміз, адамның (ШҚТ, сарапшы) білімі мен тәжірибесі негізінде, өндірістік нысандардың тиімді жұмыс режимдерін таңдауға мүмкіндік беретін, ШҚ-дың көпкритериалды есептерін шешуге және қалыптастыруға қабілетті адам-машиналық жүйе.

ШҚИЖ өндірісті басқару бойынша ұсыныс беретін ШҚТ –мен диалогтық режимде жұмыс жасайтын, заманауи компьютерлер негізінде интеллектуалдандырылған автоматтандырылған жүйелер болып табылады.

Бұл жүйелер шешім қабылдау үшін және ШҚТ-ның қалауы (предпочтения) және толық емес ақпарат жағдайында күрделі өндірістік кешендерді басқару үшін қолданылады.

ШҚИЖ құру келесі негізгі кезеңдермен жүргізіледі [53, с. 8-11]:

1 Мәселелік аумақты және шешілетін есептерды идентификациялау, ШҚ есептерінің мазмұндық қойылымы.

2 ШҚТ мен сарапшы-мамандардың басқарылатын нысан туралы білімін қалыптастыру және мәліметтер мен білім базасын.

3 Нысан модельдерінің жүйесін жасақтау.

4 Нысанды басқару бойынша шешім қабылдау есептерін алгоритмдеу.

5 Модель идентификаторын жасақтау.

6 Қолданушының интеллектуалдандырылған интерфейсіні жасақтау.

7 Жасақталған модельдер мен алгоритмдердің бағдарламалық жүзеге асуы.

Келтірілген ШҚИЖ жасақтаудың кейбір кезеңдеріне түсінік береміз. Екінші кезеңде эксперттік бағалау процедуралары ұйымдастырылып, нәтижесінде ШҚ есептері қалыптастырылады және білім базасы құрылады. Мәліметтер базасын толтыру нысанның жұмыс істеуі туралы статистикалық мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

Үшінші кезеңде нысан элементтерінің (ішкі жүйелер) моделдері жасақталып, бірыңғай жүйеге (пакет) біріктіріледі. Ішкі жүйе модельдерінің бір бөлігі немесе барлығы анық емес болуы мүмкін. Сонымен бірге, 1-ші бөлімде ұсынылған айқын емес модельдерді синтездеу әдістері мен әр түрлі сипаттағы қолжетімді ақпараттар негізінде модельдер құру методологиясын қолдануға болады. ШҚ формалданған есептерін шешу алгоритмі ретінде (төртінші кезең), 2-ші бөлімде жасақталған, өндірістік жағдайларға байланысты ШҚ есептерін шешудің эвристикалық алгоритмдерін таңдауға болады, яғни ШҚТ-ның иелігіне, алгоритм кешендері ұсынылады. ШҚИЖ жасақтаудың бесінші кезеңінде, модельмен алынған мәліметтер нысанның нақты көрсеткіштермен (сарапшы–мамандардың бағалауы бойынша) сәйкестігін салыстыруды жүзеге асыратын бағдарлама құрылады. Егер осы параметрлер арасындағы ауытқулары жол бергісіз болса, идентификатор модельді күйге келтіреді, яғни ағымдағы режимдік параметрлер және сарапшы-мамандардан алынған ақпараттар негізінде жана мәндерді есептейді.

ИШҚЖ-нің архитектурасын және оның негізгі блоктарының қызметін қарастырамыз.

### 3.2 ХТЖ интеллектуалды басқару жүйесінің құрылымы және оның негізгі функционалдық блоктары

Есте сақтау көлемі үлкен, үлкен көлемді ақпаратты өңдей алатын, өнімділігі жоғары компьютерлік техниканың пайда болуы, білімдер базасын қолдану, табиғи тілге жақын тілде ЭЕМ жұмыс істеуді жеңілдететін талаптар, әр түрлі интеллектуалдық жүйелерді (интеллектуалды ақпаратты-іздеу жүйелері, қолданбалы бағдарламалардың интеллектуалды пакеттері, есептеу-жүйелер,эксперттік жүйелер, ШҚИЖ) құруға әкелді [53, с. 8-11; 54, с. 12-13; 85]. ХТЖ-ні басқаруға арналған ШҚИЖ-нің негізгі компоненттеріне келесі блоктарды жатқызуға болады: нысанның модельдер (пакет) жүйесі, анықсыздық жағдайында ШҚ есептерін шешу алгоритмдерінің кешені, мәліметтер және білім базасы, шешімдерді түсіндіру және логикалық қортындылау блогы, модель параметрлерінің идентификаторы, ақпараттық ағындардың өзара байланысы бар қолданушы интерфейсі. Бұл блоктардың әрқайсысы белгілі бір қызметті атқарады, ал олардың бірлесіп жұмыс істеуі ШҚТ-ға өндірісті басқару туралы тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Жасақталатын жүйе қызметіне қойылатын талаптарды талдау нәтижесінде, ШҚИЖ-нің архитектурасы (құрылымы) [53, с. 8-11; 54, с. 12-13] 3.1 суретте келтірілген.



Сурет 3.1 – ШҚИЖ архитектурасы.

ШҚИЖ-нің негізгі компоненттерінің (блоктарының) функционалдық тағайындалуын қарастырамыз.

*Қолданушы - ШҚТ*, басқару критерийлерінің қалаған мәндерін қамтамасыз ететін, нысанның жұмыс режимін (шешім нұсқасы) таңдайды. Шешімді таңдау өндірістегі туындаған жағдайларға байланысты жүзеге асырылады, мысалы жеке критерийлер маңыздылығын (салмақ векторы, критерийлер

басымдылығы) және қойылған шектеулерді (басқарушы және режимдік параметрлер мәніне, жеке критерийлер мәніне) ескере отырып, өнім өндіру жоспарына, бастапқы шикізат құрамына, өнімнің сапасына қойылатын талаптар және т.б.

*Модельдер жүйесі* әртүрлі модельдерден тұрады, соның ішінде айқын емес, тұтастай алғанда нысандарды пайдаланудың жүйелік модельдеуін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін бірыңғай пакетте біріктірілген өндіріс жүйесінің жекелеген элементтері. Бұл модельдер жеке критерийлердің ( өндіріс жұмысының сапа көрсеткіштері) кіріс әсерінің мәндеріне (басқару, процесстің режимдік параметрлері, өндіріс жағдайының көрсеткіштері) қатысты мәндерін анықтауға (есептеуге) арналған.

*ШҚ есептерін шешу алгоритмдер кешені:* 3-ші бөлімде қарастырылған айқын емес математикалық бағдарламалау алгоритмдері және көпкритериалды айқын емес оңтайландыру, айқын емес ортада ШҚ есептерін шешу үшін арналған. Бұл алгоритмдер модельдер пакетінің, білімдер базасының және логикалық қорытынды блогының негізінде таңдалған критерийлер бойынша нысан жұмысының рационалдық режимін іздеуді жүзеге асырады және осы режимдерді қамтамасыз ететін басқарушы әсерлердің ұсынылатын мәндерін анықтайды. Түпкілікті шешімді таңдау, әдетте, ШҚТ қабылдайды.

*Түсіндіру және логикалық қортындылау блогында* алынған нәтижелерді түсіндіру және кеңестер, қортындылау стратегиялары жүзеге асырылады. Бұл блок ШҚ есептерін шешу алгоритмдері, мәліметтер және білім базасы негізінде ШҚТ-ға (өндірістік қызметкерге, операторға) өдірісті (технологиялық процесті, өндірістік нысанды) оперативті басқаруға кезінде ұсыныс береді және басқарушы әсерді қалыптастырады. Бұл процедуралар айқын емес жиындарды синтездеу арқылы және логикалық (композициялық) қортындылау ережелері негізінде олар бойынша операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

ШҚТ берілетін ұсыныстар, оның қалауы бойынша логикалық қортындылау ізіне негізделген түсініктемелермен жүруі мүмкін. Жүйенің пайдаланушылары жүйе берген ұсыныстарды, тұжырымдардың жарамды екенін жиі тексергісі келеді. Адамдарға талдау үшін ыңғайлы және қысқа түрде алынған түпкілікті нәтижелерді түсіндіру, альтернативті таңдау кезінде қабылданған барлық ой пікірлерді тіркеу жолымен жүзеге асырылады. Түсіндірмені қалыптастыру үшін, сипатталған блок көп критерийлік таңдаудың және білім базасының алгоритмдерімен байланысты.

*Мәліметтер және білім базасы* өндіріс туралы статистикалық мәліметтерді, пәндік саланы зерттеушілер, сарапшы-мамандардың формалданған білімін сақтау үшін арналған. Бұл блоктағы ақпарат таңдау нәтижесін түсіндіру үшін, өндірістік есеп беруді құру және модельдерді жаңа жағдайға бейімдеу үшін, шешім қабылдау және талдау процессінде қолданылады.

*Модель параметрлерін идентификациялаушы,* нысанның жұмыс режимін және берілген жағдайда модельдің адекватты жұмыс істеуін, сонымен қатар қажет болғанда модель параметрлерін қайта есептеуді (идентификациялауды) жүзеге асыратын бағдарлама түрінде келтіріледі. Бұл үшін

идентификациялаушы режимдік параметрлердің ағымдағы мәні туралы, сонымен қатар мәліметтер және білім базасындағы ақпаратты қолданады. Нысан күйінің және процесс ағыны шартының өзгерісі кезінде блок модельдерді нақты нысандарға бейімдейді және өндірісте орын алған жағдайда есептеу (модель бойынша) және эксперименттік мәліметтер (өндірістің негізгі көрсеткіштері бойынша) көрсеткіштерінің айырмашылығын қолдануға болады, мысалы:

$$R = \sum_{j=1}^m |y_j^M - y_j^Э| \leq R_{дон}$$

мұнда  $y_j^M, y_j^Э$  – сәйкесінше, көрсеткіштердің модельдік және эксперименталды мәндері;

$R_{дон}$  – рұхсат етілетін ауытқулар (модель дәлдігі).

Эксперименттік мәліметтер сараптамалық бағалау қорытындысы негізінде алуға болады және сапалық сипатқа ие екендігін атап өткен жөн. Мұндай жағдайда  $\tilde{R}$  айқын емес сипатқа ие және оны шешу үшін айқын емес жиындар теориясының тәсілдемесін қолданады. Басқару R критерий мәнін минималдау мақсатында таңдалу қажет.

*Қолданушы интерфейсі* нысанды басқару кезінде жүйе мен қолданушының ыңғайлы диалогтық жұмыс режимін қамтамасыз етуге және ШҚИЖ-нің басқа да бірқатар қызметтерін жүзеге асыру үшін арналған.

Жүйемен жұмыс жасау барысында қажеттілік туындаған жағдайда жүзеге асырылатындар: дисплейге өндіріс нысандарының сұлбаларын (технологиялық, принципиалдық сұлбаларын) және осы нысандардың жағдайы туралы ақпаратты шығару; басқарушы параметрлерінің мәндерін және қолданушы үшін ыңғайлы үлгіде (мәтіннің кестелері, графиктері, диаграммалары) алынған есептеу нәтижелерін экраннан көрсету; нысанның жұмыс режимінің оңтайландыру процессін көзбен бақылау; өндіріс басқару үшін қажетті параметрлерді енгізу және түзету және т.б.

Диалог қолданушының кәсіптік тілінде жүзеге асырылуға тиіс. Кәсіптік тіл кәдімгі табиғи тілдің көп емес қосалқы жиынтықтығын құрайды және зерттелетін нысан бойынша талқыланатын мәселелердің түйінін мамандармен өзара түсінуін жеңілдетеді. Мұндай тілде синонимдер болмауға тиіс, яғни әрбір сөздің бірмағыналы мағынасы болуға тиіс. Сөйлемдер мен мәтіндер кәсіптік тілде, табиғи тілдің сөйлемдері мен мәтіндеріне қарағанда қатал ережелер бойынша құрылады. Бірақ та бұл «жеңілдетілген» тіл өте ыңғайлы және ШҚИЖ-ШҚТ қолданушысы, өндірістік қызметкерлер үшін түсінікті.

Жүйе кәсіптік тілді, қолданушы хабарлайтын есептің тұжырымдамасын түсінуі үшін оның сәйкес блоктары – басқарудың диалогтық алгоритмдері, нысанның модельдер пакеті және біз жоғарыда қарастырған білімдер базасы болуға тиіс. Интерфейстің интеллектуалдық деңгейі қолданушымен жүйенің қарым-қатынасының қарапайымдылығына және ыңғайлығына және базада

сақталатын білімдердің, тіл және мәселелі сала туралы мәліметтердің құрамына және көлеміне байланысты.

### **3.3 Шешім қабылдау жүйесінің «интеллектуалдығын» жоғарылату тәсілдері**

ШҚИЖ тиімдігін жоғарылату үшін олардың интеллектуалдық деңгейін көтеру қажет, яғни интеллектуалдылық дәрежесін көтеру қажет, бұл тәжірибелі мамандардың білімдерінің негізінде концептуалдық қателерінің ықтималдығын төмендетеді және қолданушы үшін үйреншікті және ыңғайлы тілде қатынасуға мүмкіндік беретін, достық жүйесін жоғарылатады.

Атап өткендей, ШҚИЖ негізгі қызметі болып өндірістік жүйенің жұмысының тиімді режимін қамтамасыз ететін, түрлі шектеулерді (критерийлер, процесстің режимдік параметрлері және т.б.) ескере отырып басқарушы әсерлердің осындай мәндерін анықтау және іздеу табылады. Сонымен бірге, әдеттегідей, нысан айқын емес ортада қызмет етеді, ал оның жұмысының сапасын бағалау бірнеше критерийлер бойынша жүзеге асырылады. Бұл есептерді шешуге арналған алгоритмдердің интеллектуалдығы айқын емес жиындар теорисы тәсілдерінің, эксперттік бағалаулардың негізінде адамның (ШҚТ, сарапшы-мамандар, нысан салаларын зерттеушілер) талқылауларын, білімін және ішкі түйсігі болып табылатын айқын емес ақпараттың және кәсіптік-бағытталған тілде есептерді шешудің диалогтық процедурасын ұйымдастыру есебінен көтеріледі. Мұндай алгоритмдерге ШҚТ-компьютер диалогында жұмыс жасайтын, біз 2 бөлімде ұсынған эвристикалық алгоритмдер жатады.

Өндірістік жүйелерді басқаруға арналған ШҚИЖ интеллектуалдылық есептері көптеген өзара байланысқан технологиялық, өндірістік жағдайларды бір уақытта тану сұрақтарымен байланысты. Көптеген практикалық жағдайларда шешім қабылдау процедураларын жүзеге асыру кезінде жағдайды сипаттайтын параметрлердің барлық үйлестіру мүмкіндіктерін бағалау қиын. Бұдан басқа тиімді басқарушы шешімдерді қабылдау нысанның үлкен өлшемділігі және нысанның күрделілігі жағдайлары тураы ақпараттың толық еместігіне, нысанның формалданған сипаттамасының болмауына байланысты өндірістің қызметкерлері (ШҚТ) үшін үшін күрделі есеп болып табылады. Өртүрлі өндірістік жағдайлар ШҚТ-дан сәйкес шешімдерді қабылдау үшін білімнің түрлі типтерін талап етеді. Жағдайларды анықтау және шешім қабылдау процедурасы алдын-ала бағдарламаланған шешімі жоқ штаттық емес жағдайлар туындаған кезде біршама күрделенеді. Бұл шарттарда ШҚ есептерінің мәселелері ШҚ жүйесін интеллектуалдандыру негізінде, білім базасының, логикалық қорытынды және шешімді түсіндіру, сондай-ақ қолданушының интеллектуалдық интерфейсінің негізінде шешілуі мүмкін.

ШҚ модельдерін құру және есептерді алгоритмдеу кезінде сарапшы-мамандардан және ШҚТ-дан алынатын қосымша (айқын емес) сапалы ақпаратты қалыптастыру және пайдалану ШҚИЖ интеллектуалдығын маңызды жоғарылатуға мүмкіндік береді.



Білімдер (формалданған талқылаулар, сарапшы-мамандардың ішкі түйсіктері) білімдер базасында, жиі ережелер - өнімдер [12, с. 32-37; 52, с. 230-235] түрінде жазылады, мысалы «егер  $A$  болса, онда  $B$ », мұндағы  $A$  – шарт (өндірістік жағдай),  $B$  - әрекет (шешім). Мұндай пішінде білімдер базасында нақты өндірістік жағдайлар, жүйенің қызметінің жағдайлары туралы және әрекеттер, кепілдемелер туралы мәліметтер бар.

Айқын емес ортада қызмет ететін нысандар үшін жоғарыда көрсетілген ереже (өнімдер) айқын емес болып табылады, яғни  $A$  және  $B$  сәйкесінше нысанның кіріс және шығыс параметрлерінің айқын емес жиындары болып табылады.

Логикалық қорытынды және түсіндіру блогы қорытындының логикалық ережесінің негізінде, мысалы қорытындының композициялық ережесінің негізінде бастапқы ақпаратты (мәліметтер және білімдер, ағымдағы мәліметтер базасынан) жүзеге асырады.

ШҚТ-мен, оның қалауы бойынша берілетін кепілдемелер түсініктемелермен сүйемелденеді. Сонымен бірге қолданушының ШҚИЖ-ге деген сенімі артады, өйткені ол шешімді талдау және таңдау нәтижелерін көріп қана қоймай, сол немесе басқа нәтиженің пайда болғанын түсінеді. Қолданушының интерфейсі нақты қолданушы үшін түсінікті және үйреншікті кәсіптік тілде кепілдемені беру кезінде қолданушы мен жүйе арасында интерактивті жұмыс режимін қамтамасыз етуге тиіс.

Осылайша ШҚИЖ сапалы ерекшелігі жүйенің бағдарламалық-алгоритмдік қамтамасыз етілуін құру кезінде және оны пайдалану процесінде сарапшы-мамандардың білімдерін максималды қолдануында.

### **3.4 Бөлімнің қорытындысы**

1 ШҚИЖ құру тәсілдемесі ұсынылды, олардың негізгі құрауыштары болып табылатындар: нысанның (өндірістік жүйенің) модельдер жүйесі (пакеті), айқын емес ортада жұмыс жасайтын, ШҚ есептер алгоритмдерінің жиынтығы; білімдер мен мәліметтер базасы; логикалық қортынды және түсіндірулер блогы; модельдер идентификаторы және қолданушының интеллектуалдық интерфейсі. Өндірістік нысандарды басқаруға арналған ШҚИЖ архитектурасы құрылды.

2 Шешімді қабылдауды қолдауға арналған интеллектуалдық жүйелерді құруға қатысты тәсіл баяндалды, мұндай жүйелерді құрудың негізгі кезеңдері келтірілді. Адамның білімі түрінде қосымша сапалы ақпаратты басқару үлгілерін және алгоритмдерін құру кезінде есептеуде, білімдер базасын және ШҚТ және ЭЕМ арасында ыңғайлы диалогты қамтамасыз ететін, қолданушының «интеллектуалдық» интерфейсін құруда болатын, шешімді қабылдау жүйесінің «интеллектуалдығын» көтерудің негізгі тәсілдері ұсынылды.

## **4 ЖАСАҚТАЛҒАН АЛГОРИТМДЕРДІҢ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУ ЖҮЙЕСІН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

### **4.1 Ұсынылатын алгоритмдердің қасиеттерін талдау үшін сынақтарды жүргізу тәсілдемесі**

Есептеуші эксперимент ретінде жалпы жағдайда ЭЕМ қолдану арқылы олардың математикалық модельдерінің негізінде күрделі нысандардың және процесстердің сандық зерттелуі түсініледі [86]. ЭЕМ есептеуші экспериментінің процессінде тек есептеулерді автоматтау құралы ғана емес, сондай-ақ экспериментші-зерттеуші құралы болып табылады, өйткені есептеуші эксперимент тек қана зерттелетін процестің сандық және сапалы сипаттамаларын алуға мүмкіндік беріп қоймай, сонымен бірге жаңа қасиеттерін анықтайды. Біздің жағдайда, есептеуші эксперимент (сынақ) ретінде олардың жұмыс қабілеттілігін және басқа да сипаттамаларын анықтау, осы көрсеткіштерді өзара және біркелкі шарттарда әртүрлі есептерді шешу кезінде белгілі алгоритмдердің сипаттамаларымен салыстыру мақсатында жасақталған алгоритмдерді бағдарламалық жүзеге асыруды зерттеу болып табылады.

Есептеуші эксперименттің негізгі кезеңдеріне жататындар:

- зерттеу нысанын зерделеу, есептің қойылымы, модельді құру;
- есептеуші алгоритмді жасақтау;
- жасақталған алгоритмдерді бағдарламалық жүзеге асыру;
- есептерді жүргізу және алынған ақпаратты өңдеу;
- нәтижелерді талдау, шынайы мәліметтермен және алгоритмдердің әртүрлі көрсеткіштерін өзара салыстыру.

Есептеуші эксперименттің нәтижелері бойынша бірнеше алгоритмдерді өзара салыстыру әдетте бір алгоритмнің екіншісінен басымдылығы туралы бірмәнді қорытындыға әкелмейтінін атап өткен жөн. Бұдан басқа салыстыруға тәсілдер мен алгоритмдердің өздері емес, ал олардың бағдарламалық жүзеге асырылуы жататынын ескеру қажет [87].

### **4.2 Алгоритмдердің дұрыстығы (корректность) және жұмыс қабілеттілігі**

ШҚ есептерін шешудің диалогтық алгоритмдерінің туралылығы ең алдымен ақпаратты және жүйеге енгізілетін жауаптарды қолданушыдан сұранатын бірмәнділікпен анықталады. Осыған байланысты есепті шешу процессінде ЭЕМ және адам арасындағы диалог үшін қолданылатын кәсіптік тілде қатаң формалданған тілде бірмәндік еместік көзі болып табылатын синонимдер мен омонимдер болмауға тиіс. Сондықтан да қолданушының интерфейсі және диалогтық алгоритмдер осы талаптарды ескере отырып қолданылуға тиіс және негізінде мәзір түріндегі регламентталған диалог қолданылады.

Бастапқы ақпараттың айқын еместігінен туындайтын жаңылыс мәселелерін жою үшін проблемалық саланы сипаттайтын терм-жиыны анықталады және айқын емес параметрлердің тиістілік функциялары құрылады. Айқын емес сипатталған категориялардың тиістілік функцияларының

адекваттылығын жоғарылату мақсаттарында тиістілік емес функциясын құру тәсілдемесі және айқын емес параметрлерді сипаттайтын аналитикалық тәуелділіктің параметрлерін түзету қолданылды.

Атап өткендей, жасақталған алгоритмдердің жұмыс қабілеттілігін белгілеу үшін тексерілетін алгоритмді жүзеге асыратын бағдарламаны құру және алгоритмнің жұмыс нәтижесіне әсер ететін әртүрлі факторлар ескерілетін есептеуші эксперимент жүргізу қажет. Біз жасақталған алгоритмдердің жұмыс қабілеттіліктерін бағалау үшін әртүрлі өндірістік есептерді шешу кезінде оларды сынаймыз (бензол өндірісін басқару, тестік есептер 1-3). Сонымен бірге алынған нәтижелердің шынайы деректерге және ШҚТ талқылауларына сәйкестігі, соңғы нәтижелерге жету уақыты, әртүрлі өндірістік жағдайларда алгоритмдерді қолдану ыңғайлылығы және қарапайымдылығы бағаланды.

Сынақтар нәтижелері ұсынылатын алгоритмдердің барлық сипаттамалары бойынша ШҚТ талаптарына салынған шектеулерге және т.б. сәйкес келетінін көрсетті. Есептеуші эксперименттің нәтижелері бойынша барлық көрсеткіштері бойынша ең үздік бір алгоритмді бөлуге болмайды. Бір алгоритмдер жинақтылығы (тезәрекеттігі) (FR(KR)) бойынша үздік, басқалары қолдану қарапайымдылығы (FMC+MC, FMMC-Δ) бойынша үздік, енді біреулері кепілді нәтижелерді қамтамасыз етеді (FMM, FMM+PO), басқалары өте тиімді, бірақта анық бір қатерімен және т.б. Бұдан басқа сол бір алгоритм өндірістің әртүрлі жағдайларында және шарттарында түрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты біз ШҚТ қарауына алгоритмдер жинағын ұсынамыз, олардың арасынан ол болған жағдайға және бастапқы ақпаратқа байланысты сәйкесін таңдайды. Сынақтар нәтижелері (алгоритмдер сыналды, шынайы өндірістік есептерді шешу кезінде қолданылды және Атыраулық МӨЗ мұнайды қайта өндірудің технологиялық қондырғыларының тиімді жұмыс режимін анықтау және таңдау үшін өндіріске енгізілді) ұсынылатын алгоритмдердің жұмыс қабілеттілігін және тиімділігін растады. Тексерілетін алгоритмдер үшін параметрлердің және қолданушылардың арнайы таңдалмайтынын немесе нәтижелерді жетілдіру мақсатымен қолданушылардың оқытылмайтынын атап өткен жөн.

### **4.3 Алгоритмдердің жинақтылығы және шешімнің тұрақтылығы. Алгоритмдердің тиімділігін талдау**

Көпкритерийлі таңдау алгоритмдерінің жинақтылығы ШҚТ қанағаттандыратын, нәтижелерді алу үшін қажетті уақытпен анықталады. Бұл уақыт субъективті факторларға (білімдер, тәжірибе, реакция, жұмыс шарттары, көңіл-күй, қолданушылардың дайындығы), интерфейстің құрылымына, ШҚТ талап етілетін ақпараттың санына және мазмұнына, алгоритмдер құрылымына және олардың бағдарламалық жүзеге асырылуына, есептің өлшемділігіне және ЭЕМ сипаттамаларына (өнімділігі, тезәрекеттігі және т.б.) тәуелді екені анық.

Сондықтанда әртүрлі алгоритмдерді талдау және тез әрекеттігін салыстыру үшін біркелкі жағдайларда сынақтар (есептеуші эксперимент) жүргізу қажет. Қолданушы (зерттеуші) есепті шешу үшін сол бір ЭЕМ қолданатын бір адам болуға тиіс. Есептеуші эксперименттің нәтижелері бойынша ең жедел жинақталатын алгоритмдерге тепе-теңдік принципін қолданатын FR(KR),

FPR(KR)) алгоритмдері, ал ең баяу алгоритмдерге – лексикографикалық принциптерді қолданатын, есептің реттілігін шешуші FLG-Δ, FMLG-Δ алгоритмдері жататынын қорытындылауға болады.

Шешімнің тұрақтылығын анықтау үшін, жасақталған алгоритмдер өндірістік есептерді шешу кезінде бірнеше рет (5-6 рет) сыналуға тиіс. Әр жолы алгоритмдердің негізгі сипаттамалары және алынған нәтижелер салыстырылды. Бұл сынақтарда кедергілердің (ашынған) негізгі көзіне жүйені қолданушы-адамды жатқызуға болады. Бұл сынақтардың нәтижелері жасақталған алгоритмдердің тұрақтылығын растағанын атап өткен жөн. Әр жолы сынақтың бірдей шарттарында дерлік сәйкес келетін нәтижелер алынды.

Көп критерийлі есептерді шешудің тұрақтылығын талдау есебін келесі тәсілмен тұжырымдауға болады.

Альтернативалардың  $\Omega$  жиынында векторлық бағалардың  $Q$  жиынын анықтайтын  $J_1(x), \dots, J_n(x)$  критерийлері берілді. Онда қалыпты болжал кезінде, мысалы жасақталған алгоритмдер негізінде алынатын, Парето бойынша тиімді альтернативалар  $X_{\Pi}$  және векторлық бағалар  $Q_{\Pi}$ , жиындары туралы айтуға болады.

Альтернативалардың  $X$  және критерийлердің  $\tilde{f}_1(x), \dots, \tilde{f}_n(x)$  басқа біршама жиыны үшін, векторлық бағалардың  $\tilde{Q}$  өз жиындары және  $X_{\Pi}$  және  $Q_{\Pi}$  жуық сәйкес пареттік жиындары  $\tilde{X}_{\Pi}$  және  $\tilde{Q}_{\Pi}$  алынады.

$Q_{\Pi}$  парето жиынының тұрақтылығын талдайық, солайша дәл осы жиынның шешім қабылдау есептері үшін ерекше мәні бар, өйткені онда ШҚТ қалаулары анықталады. Парето бойынша тиімді векторлық бағалардың тұрақтылығы мен көпмәнді кейбір кескіндердің үздіксіздігі арасында байланыс орнатылды және есептердің жеке класының тұрақтылығының қажетті және жеткілікті шарттары анықталды.

Альтернативалар жиынының өзгермейтіні болжанады, яғни  $\tilde{X} \equiv X$ , ал өзгеріске тек  $f_1(x), \dots, f_n(x)$  критерийлері жатады.  $U(u \in U)$  кейбір жиынның  $u$  элементтерін енгізе отырып критерийлерді  $f(x, u) = \{f_1(x, u), \dots, f_n(x, u)\}$ . Түрінде жазуға болады.  $U$  жинақтылық реттілік терминдерінде анықталатын, кейбір қалыпты сызықтық топологиялық кеңістік құрамында делік. Тұтастықты жоғалтусыз  $0 \in U$  деуге болады.

Бұл жағдайда векторлық бағалардың жиыны  $u$  параметріне тәуелді:  $Q(u) = f(x, u), u \in U$ .

Егер де  $\|u\| < \eta$  кезінде  $\rho(Q_{\Pi}(u), Q_{\Pi}(0)) < \delta$  ара қашықтығы,  $\forall \delta > 0$  үшін  $\eta > 0$  көрсетуге болса, Парето бойынша тиімді векторларлық бағалардың  $Q_{\Pi}(u)$  жиыны нөлде тұрақты болып аталады.  $Q_{\Pi}(u), Q_{\Pi}(0) \in R^n$  жиындары арасындағы ара қашықтықты, мысалы Хаусфорд метрикасының көмегі арқылы анықтауға болады:

$$\rho(Q_{\Pi}(u), Q_{\Pi}(0)) = \max \left\{ \sup_{\alpha \in Q_{\Pi}(u)} \inf_{b \in Q_{\Pi}(0)} r(\alpha, b), \sup_{b \in Q_{\Pi}(0)} \inf_{\alpha \in Q_{\Pi}(u)} r(\alpha, b) \right\} \quad (4.1)$$

мұнда  $r(a, b)$  – ара қашықтық  $R^n$ .

$sup$  және  $inf$  (4.1) операцияларының қолданылуы, жалпы жағдайларда Парето жиындарының тұйық еместігімен түсіндіріледі, демек бұл жиында максимумге және минимумге жету мүмкін емес.

ШҚ есептерін шешу тұрақтылығын,  $u \rightarrow Q_{II}(u)$  көпмәнді кескіні нөлде үздіксіз болғанда қамтамасыз етуге болатыны анық, яғни тұрақтылықтың жеткілікті шарты бұл кескіннің үздіксіздігімен анықталады.

Жасақталған алгоритмдердің тиімділігі ретінде көрсеткіштердің бірқатарымен, мысалы өндіріске енгізу кезінде және т.б. алынатын, алгоритмдердің тезәрекеттілігімен, жинақтылығымен, дәлдігімен, кедергіге тұрақтылығымен, экономдық әсерімен анықталатын олардың функционалдық жетілуі деңгейін түсінуге болады.

Өндірістік нысандардың жұмыс режимдерінің көп критерийлі таңдау және оңтайландыру алгоритмдерінің тиімділік критерийлері ретінде келесі қатынасты қабылдауға болады [88, 89]:

$$E = \frac{f(x^*)}{f(x)}, \quad x = (x_1, \dots, x_n), \quad x^* = (x_1^*, \dots, x_n^*)$$

мұнда  $f(x)$  – мақсаттық функцияның максималдық мәні (сапа функциясының);

$f(x^*)$  –  $(x)$  өндірісті сипаттайтын, сыналатын алгоритмнің  $(x^*)$  негізінде оңтайландыру нәтижесінде алынған, бағаларға тең болған жағдайдағы мақсаттық функцияның мәні.

Тиімділіктің жинақталған негізгі құрауышы болып өндіріске алгоритмді енгізу нәтижесінде алынатын экономикалық тиімділіктің мәні табылады. Бензол өндіру кешенін басқару кезінде қолданылатын көп критерийлі айқын емес таңдау алгоритмдерін тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау нәтижелері олардың жоғары тиімділігін көрсетті [89, с. 92-100].

Сынақтар және әртүрлі есептерді шешу кезінде алгоритмдер талдауларының қорытындыларын келтіре отырып жасақталған алгоритмдердің тиімділігі бастапқы ақпаратқа, есептің өлшемділігіне және ШҚИТ қолданушысына байланысты өзгеретінін айтып өткен жөн.

Әртүрлі жағдайларда ең тұрақты болып максимум принципінде және оның түрленуінде негізделген FMM, FMM+PO және FMMC-Δ алгоритмдері табылады. Есептің өлшемділігінің көтерілуіне қарай FPS, FPS-Δ, FPS+PS алгоритмдерінің тиімділігі төмендейді. Мұны есептің өлшемділігінің өсуіне қарай тиімді шешімдердің жинағы ұлғаяды, олардың арасынан ШҚТ соңғы шешім қабылдайды немесе ШҚТ талап етілетін ақпараттың саны ұлғаяды.

#### **4.4 Бензол өндіру кешенін басқаруға арналған интеллектуалдық жүйенің модельдеу блогын бағдарламалық жүзеге асыру**

Бензол өндіру кешенін басқаруға арналған интеллектуалдық жүйенің негізгі бағдарламалық модульдері құрылды [90-92]. Бағдарламаның мақсаты бензол өндіру технологиялық кешеннің тиімді жұмыс режимін анықтау және

ыңғайлы және оперативті режимде модельдеу болып табылады. Құрылған бағдарламаға авторлық құқық куәлігі алынды (№93 08.10.2018 ж) (Қосымша Ә).

«Бензол өндіру кешенінің жұмыс режимін басқару бойынша шешімдерді қабылдау және модельдеу жүйесі» ЭЕМ арналған нақты бағдарлама сандық модельдеу және комплекстің режимдік (кіріс, басқарушы) параметрлерінің өзгеруіне байланысты бензол өндіру кешенінің шығу параметрлерінің (критерийлер, бензолдың көлемі және сапа көрсеткіштері) мәнін анықтауға арналған, сонымен қатар кешеннің шығыс параметрлерінің (шығарылатын бензол көлемі мен сапасы), критерийлерді жақсартуды қамтамасыз ететін процесстің оптималды режимдерін (кіріс параметрлер) таңдауға арналған [93-95].

*Бағдарламаның негізгі функциялары:*

1) кешеннің технологиялық агрегаттардың математикалық модельдер негізінде бензол өндіру технологиялық кешеннің жұмыс режимін зерттеу;

2) бензол өндіру технологиялық кешені бойынша агрегаттардың жұмыс режимдерін модельдеу, компьютерде есептеу тәжірибелерін өткізу, бензолды өндіру бойынша технологиялық кешеннің жұмыс сапасын бағалау критерийлерінің оңтайлы мәндерін қамтамасыз ететін агрегаттар мен жалпы технологиялық кешеннің оптималды жұмыс режимін анықтау;

3) ЖОО-ның химия-технологиялық мамандықтарының студенттерімен бензол өндіру технологиялық процессін виртуалды орта ретінде қолдану, сонымен қатар автоматтандыру және басқару, компьютерлік модельдеу, ақпараттық жүйелер және т.б. мамандықтардың студенттері мен магистранттарымен қолдану;

4) технологиялық кешенде бензол алудың технологиялық процессін зерттеу, бензол өндіру технологиялық кешеннің әр түрлі жағдайларда және процесстің режимдік параметрлерінің мәндерінде күтілетін нәтижесін болжау.

*Бағдарламаны пайдалану әдістері:*

1) бензол өндіру технологиялық кешенінің жұмыс режимдерін (кіріс) режимдік параметрлер мәндерін өзгерте отырып және шығыс параметрлерінің мәндерін, шығыс өнімдерінің көлемдерін (бензол, рафинат, ауыр ароматика), бензолдың негізгі сапалық көрсеткіштерін бақылай отырып зерттеу;

2) ароматикалық көмірсутектерді (бензол, рафинат, ауыр ароматика) алу технологиялық процессін бұл процеске режимдік параметрлердің:  $x_1$  – шикізат, реформат кірісі;  $x_2$  – бензолды колоннадағы температура;  $x_3$  – бензолды колоннадағы қысым;  $x_4$  – күкірт үлесі және  $x_5$  – шикізат құрамындағы ароматикалық көмірсутектердің үлесі, яғни кешеннің технологиялық агрегаттар жұмыс режимінің әсер етуін зерттеу бойынша компьютерлік тәжірибелер жүргізу;

3) бензолдың максималды шығуы және бензолдың сапалық көрсеткіштері жақсару кезіндегі бензол өндіру кешеннің оптималды жұмыс режимдерін анықтау және зерттеу;

4) автоматтандыру және басқару, ақпараттық жүйелер және химия-технологиялық мамандықтарының студенттері мен магистранттарына ЖОО оқу процессінде қолдану.

Бағдарлама бензол өндіру бойынша технологиялық кешеннің әр түрлі режимдерін модельдеуге бағытталған, бензол өндіру бойынша технологиялық кешеннің агрегаттарының тиімді жұмыс режимін қамтамасыз ететін режимдік параметрлер мәндерін анықтау, бензол өндіру бойынша технологиялық кешеннің мақсатты өнім (бензол) сапалық көрсеткіштерін жақсарту және көлемін ұлғайту [96].

*Қолданушы интерфейсінің қысқаша сипаттамасы*


Бағдарламаның басты терезесінде (4.1 сурет) бағдарлама бойынша негізгі ақпарат келтірілген:

- Бағдарламаның негізгі тағайындалуы және функциялары, бағдарламаның функционалды мүмкіндіктері туралы ақпарат тізбектей шығарылады;
- Жұмыс орындалған мекеме және авторлар туралы ақпарат келтірілген;
- Төменгі оң жақ бөлігінде құпия сөзді енгізу терезесі бар, ол жүйеге кіруге арналған.



Сурет 4.1 – «Бензол өндіру кешені жұмыс режимін басқару бойынша ШҚ және модельдеу жүйесі» ЭЕМ арналған бағдарламаның басты терезесі

«Бензол өндіру кешенінің жұмыс режимін басқару бойынша шешімдерді қабылдау және модельдеу жүйесі» бағдарламасына кіргеннен кейін пайдаланушыға «Кіріс, режимдік параметрлер мәндерін енгізу, кешеннің шығыс параметрлерін (модельдеу) есептеу және графикалық тәуелділіктерді салу» терезесі ашылады (сурет 4.2).




Сурет 4.2 – «Кіріс, режимдік параметрлер мәндерін енгізу, кешеннің шығыс параметрлерін (модельдеу) есептеу және графикалық тәуелділіктерді салу» терезесі

«Кіріс, режимдік параметрлер мәндерін енгізу, кешеннің шығыс параметрлерін (модельдеу) есептеу және графикалық тәуелділіктерді салу» терезесінің төменгі сол жағында кестелік форма келтірілген, мұнда кешеннің шығыс параметрлерінің тәуелділігінің модельдеу нәтижелері енгізіледі: бензол шығысы; рафинат шығысы; бензолды колоннадағы температурадан ауыр ароматиканың шығысы.

«Кіріс, режимдік параметрлер мәндерін енгізу, комплекстің шығыс параметрлерін (модельдеу) есептеу және графикалық тәуелділіктерді салу» терезесінің оң жағында кешеннен өнімнің шығыс параметрлерінің графикалық тәуелділіктерін енгізуге арналған терезе келтірілген: температураға байланысты (температура мәні шығу мәліметтерін енгізу блогында енгізіледі) бензол, рафинат және ауыр ароматика.

4.3-суретте «Модельдеу нәтижелерінің анализі және графикалық тәуелділіктерді құру» терезесі келтірілген, «Бензол шығысы» кірмесін таңдағанда, бензолды колоннадағы оңтайлы температураның мәнін визуалды түрде анықтауға болады (1295°С), ол мақсатты өнім – бензолдың максималды көлемін алуға мүмкіндік береді (133 мың тн.).





Сурет 4.3 – «Модельдеу нәтижелерінің анализі және графикалық тәуелділіктерді құру» терезесі

«Сақтау» батырмасын басқанда модельдеу нәтижелері Excel - .xls, .xlsx форматында сақталады (сурет 4.4).

№	Температура в бензольной колонне	Выход бензола	Выход рафината	Выход тяжелой ароматики
1	1072,00	122,00	91,00	666,00
2	1100,00	123,00	90,00	653,00
3	1128,00	125,00	89,00	640,00
4	1156,00	126,00	87,00	627,00
5	1184,00	127,00	86,00	614,00
6	1212,00	129,00	85,00	600,00
7	1240,00	130,00	83,00	586,00
8	1268,00	132,00	82,00	572,00
9	1296,00	133,00	80,00	558,00
10	1324,00	132,00	79,00	543,00
11	1352,00	130,00	77,00	529,00

Сурет 4.4 – Баспаға шығатын модельдеу нәтижесі.

«Бензол» батырмасын басқанда бензолдың физикалық қасиеттері туралы ақпарат шығады.

